- а) устанавливать панибратские (внеустановные) отношения с обучаемыми;
  - б) оказывать кому бы то ни было протекцию на основе родства или свойства без учета профессиональных, деловых и иных качеств, имеющих значение для выстраивания профессиональной карьеры;
  - в) распространять в любой форме ложные и порочащие сведения о работниках и обучаемых Университета, а также иные сведения личного характера, могущие негативно повлиять на авторитет и личностную самооценку работника или обучаемого;
  - г) устанавливать неформальные отношения с родителями или опекунами обучаемых в личных целях;
  - д) предпринимать действия, могущие нанести вред имиджу Университета.
3. Коллектив Университета признает несовместным со званием работника КазНПУ им. Абая, высшей школы Республики Казахстан и всячески порицает:
- а) злоупотребление алкогольными напитками;
  - б) употребление наркотических веществ вне медицинских целей, а также табакокурение;
  - в) антиобщественный образ жизни;
  - г) сквернословие и дебоширство;
  - д) рукоприкладство и оскорбления;
  - е) личную недисциплинированность и разгильдяйство.

### **Заключительные положения Статья 8. Ответственность сотрудников Университета**

1. Соблюдение положений настоящего Кодекса - моральный долг каждого сотрудника Университета. Несоблюдение или нарушение Кодекса влечет общественное порицание.
2. Положения Кодекса являются обязательными для всего профессорско-преподавательского состава и сотрудников.
3. В случае причинения вреда престижу учебного заведения, материального вреда имуществу Университета, выходящих за пределы предписаний настоящего Кодекса, виновные лица из числа профессорско-преподавательского состава и иных сотрудников подлежат юридической ответственности в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

*1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. - Утверждена Указом Президента РК от 7 декабря 2010 года №1118 // Каз. правда, 14 декабря 2010.*

### **Резюме**

Авторами статьи разработан и предложен для обсуждения альтернативный вариант проекта Этического кодекса профессорско-преподавательского состава и сотрудников Казахского национального педагогического университета им. Абая.

### **Түйін**

Мақалада авторлармен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің Этикалық кодексінің альтернативтік жобасы істелген және де талқылауға ұсынылған.

### **Resume**



Authors of article develop and offer for discussion an alternative variant of the project of the Ethical code of the faculty and employees of the Kazakh national pedagogical university of Abaja.

## ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША АЛЫМ-САЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

**Б.Қ. Ильясова** - заң ғыл.к., Халықаралық қатынастар және құқықтану факультетінің «Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу» кафедрасының аға оқытушысы

Көшпелі қазақ қоғамындағы алым-салық қатынастарының қалыптасуы мен дамуы, Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттік бірлестіктердің дамуымен тікелей байланысты болып келеді. Қазақстан аумағының өткен күндеріне зер сала қарайтын болсақ, бұл далада қаншама мемлекеттік бірлестіктер өмір кешіп, қаншама мәдениеттердің тоғысқанын көре аламыз. Қазақстан аумағында ежелгі дәуірлерде алғашқы орта ғасырларда, кейінгі орта ғасырларда, Евразия құрлығын дүр сілкіндірген және осы құрлықтың негізгі бөлігінде өзінің билігін жүргізген бірнеше мемлекеттер өмір сүрді.

Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттер мемлекетті басқарудың дәстүрін саяси ұйым-ның көп атрибуттарын қалыптастырды және осы жерге тарихи мұра ретінде қалдырып та отырған. Сондықтан да, біз қазақ мемлекетінің бастауларын, оның саяси жүйесі құрылымдары элементтерінің қалыптасуын осы кезеңнен іздеуіміз қажет. Бұл айтылған жағдайлар қазақ әдет құқығы жүйесіндегі алым-салық қатынастарына да тікелей байланысты.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы алым-салық жүйесі бірнеше даму кезеңдерінен өткен болатын. Қазақ жеріндегі алғашқы мемлекеттік бірлестіктер ғұндар болып табылады. Ғұн қоғамында дамыған басқару жүйесі қалыптасқан. Ғұн империясы да бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Ғұн империясының ең дамыған тұсы Мөде Тәңірқұтының билік жүргізу кезеңіне сәйкес келеді. Мөде ғұн елінде үлкен саяси әкімшілік және әскери реформаны жүзеге асырды. Мөденің тұсында мемлекетті басқаратын 24 лауазым иесі де қалыптасты. Ғұн империясы сол дәуірде Евразия құрлығын тітіркендірген бірден-бір ұлы империяға айналды. Мұндай империяның өмір сүруінің басты негізін оның алым-салық жүйесі құраған болатын. Ғұн империясы көп жағдайда әскери олжаға сонымен қатар, сырт елдерден алынатын, яғни бағынышты елдерден алынатын алым-салыққа арқа сүйеген болатын. Ғұн империясында алым-салықтардың қалыптасуы жөніндегі мына дерек-ке көңіл бөлейік: «Бұдан кейін Иә тәңірқұттың әкімдеріне арнайы кітап аштырып, адамның саны-на қарай мал мен дүние-мүліктен қалай салық алу қажеттігін үйретті»

Қытайдың патша сарайы тәңірқұтқа ұзындығы 1,1 футқа теңесетін тақтайшаға жазып, хат жолдайтын. Ол «Қытайдың ұлы патшасы Сиуннудың ұлы Тәңірқұтына зор денсаулық тілейді» деген сөздермен басталатын да, содан кейінгі негізгі мәселе сөз болып, артынан сыйлыққа жібе-рілген заттардың аттары тіркелетін. Жүн-шин Иә қытайдың патша сарайына ұзындығы 1,2 футқа теңесетін тақтайшаға жаздырып, хат жолдауды үйретті. Оны «Көк пен жердің қалауымен өмірге келіп, күн мен айдың қалауымен таққа отырған сиуннудың Ұлы Тәңірқұты қытайдың ұлы патша-сының денсаулығының мықты болуын инабаттылықпен тілейді» деген сөздермен бастап, одан кейін айтылған мәселе мен берілген сыйлықтар ретімен қалай жазуды көрсетті. [1,44-4566.] Бұл деректерден біз алым-салық жинау жүйесінің тәртіпке келуін ғұндар қытайлардан алғандығын көреміз. Әрқашанда бюрократиялық аппаратқа және иерархиялық жүйеге сүйенген қытай халқы алым-салық ісінде де, мұндай талаптардан бас тартпағанын көре аламыз.

Қазақстанның ежелгі дәуірлердегі тарихи өмірін көп зерттеген белгілі ғалым Л.Н. Гумилев ғұндарда алым-салық жүйесінің ерекшеліктерін былай сипаттап көрсетеді: «Шаньюй - ойсеңгір мен бекзаттарды асырау үшін де қаржы керек, оны халықтан жинап ала алмайсын. Алым-салық түз халқының табиғатына жат; азат жауынгер өз еркімен ешкімге ештеңе төлемейді, өйткені төлеу фактісінің өзімен ол еркіндігіне нұқсан келтірілген деп есептейді. Ал осынау қаржы басы байлаулы, яғни бағынышты тайпалардан алым-салық түрінде, жаулардан соғыс олжасы түрінде түскен. Кіріптар дұнхұлар алым-салық орнына өгіз, жылқы, қой терілерін берген. Ауыр алым-салықты казіргі Шығыс Түркістанның аса бай егін-таранды аудандарды төлеген. Хұндар, әсілі, темір қаруды да сол жақтан алған тәрізді, өйткені Лобнор көлінің төңірегінде Жокьян мен Ләулань (Шань-шань) кінәздіктерінде тұратын танғұттардың сондай жаракты жасаумен даңқы жайылған еді. Ұлпан терілері, тегі, теріскей шекарадан қыпшақтардан, динлиндер мен хакастардан түсіп тұрған. Бірақ бағындырылған тайпалармен бірге шаньюйлер табысының елеулі бір көзі Қытай болған. Қытайлар өздеріне қорлық санап, алым-салықты тікелей толеуден үзілді-кесілді бас тартқан. Алайда олар хұндарға тарту-таралғы жіберіп тұрған, ол алым-салықтың бүркемеленген түрі болатын. Мәселен, 176 ж. елшілікпен Қытайға жұпыны тарту етіп, бір атан мен екі мініс атын, төрт-төрттен екі күйменің жегінді аттарын жібергенде, ол бұған оюмен орнектелген астарлы шапан, ұзын қамқа шекпен, шашбастырғыш алтын мүйіз тұмсық, доғалы алтынмен көмкерілген белдік пен он бума кестеленген қырмызы және жасыл түсті жібек мата жібереді». [2,896.] Көріп отырғанымыздай, Қытай империясы, ғұндарға қанша жылдар бойы алым-салықтар төлеп отырған, Сонымен қатар, Қытай империясы бейбітшілік пен іліктілік келісімін тілге тиек ете отырып, ғұндарға тағы да бір белгілі төлемдерді, сонымен қатар, бейбітшіліктің кепілі ретінде қытай хан-шайымдарын құдандалық негізінде сыйға тартып отырған.

Белгілі ғұнтанушы Н.Н. Крадин ғұн Тәңірқұтының бірде қытайлардан алған алым-салықтарын төмендегідей сипаттайды: «Хуханье получил в дар головной убор, пояс, золотую печать, богато инкрустированный меч, кинжал, лук с большим числом стрел, 10 алебард, колесницу, седло и сбрую, 78 комплектов одежды, 8 000 кусков шелка, 6 000 цзиней (около 1500 кг) шелковой ваты, 20 цзиней (приблизительно 5 кг) золото, 200 000 монет (Лидай 1958: 219; Бичурин 1950 а: 89; Материалы 1973: 35).

Имеются данные о подарках, относящиеся к более позднему времени:

- 51 г. до н.э. - 8 000 кусков шелка и 6 000 цзиней ваты;
- 49 г. до н.э. - 9 000 кусков шелка и 68 000 цзиней ваты;
- 33 г. до н.э. - 18 000 кусков шелка и 16 000 цзиней ваты;
- 25 г. до н.э. - 20 000 кусков шелка и 20 000 цзиней ваты;
- 1 г. до н.э. - 30 000 кусков шелка и 30 000 цзиней ваты;

Нетрудно заметить, что объем поставок шелка хуннскому шаньюю постепенно вырос в сравнении с подарками эпохи политики хэцинь. Кроме того, по мере необходимости шаньюй получал от Китая земледельческие продукты для поддержки своих подданных. Так, в 52 г. до н.э. номадам было передано 34 000 ху зерна. Этих продуктов должно было хватить на тысяча человек почти на целый год. Однако, скорее всего они были предназначены для поддержки большего числа кочевников в голодное время. Легко подсчитать, что использование данных продуктов в течение одного-двух месяцев как дополнительного источника питания их должно было хватить гораздо большему числу скотоводов». [3, с. 126-127] Бұл жағдайлардың барлығы ғұн империясының Еуразия құрлығында теңдесі жоқ үлкен саяси бірлестік екендігін корсету мен қатар, ол империяның өмір сүруінің қаражаттық негізі сыртқы елдерге бағытталғандығын көрсетеді. Көшпелі мем-лекеттердің осы бір ерекшелігіне көңіл аударған көп ғалымдар, жалпы көшпелі мемлекеттер оты-рықшы мемлекеттерсіз, олардың қаражатынсыз, жеке өмір сүре алмайды деген теорияны негіздеген болатын. Бұл теорияны Кенес дәуіріндегі көптеген ғалымдар дамытты. Әрине, жоғарыдағы айтылған деректерден, біз ғұн империясында

алым-салықтардың белгілі бір жүйесінің қалыптас-қандығын көре аламыз. Оның барлығы кітапқа қапталып, қазынаға құйылып отырған.

Қазақстан аумағында VI ғасырлардан бастап ірі ерте феодалдық мемлекеттік бірлестіктер қалыптасып өмір сүре бастады. Олардың ішіндегі алғашқылардың бірі түрік қағанаты болып табылады. Түрік қағанатында дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси идеологиялық, менталдық түсі-ніктер қалыптасқан. Түрік қағанатының нақты алым-салық жүйесі туралы деректер аз, бірақ та, түрік қағанаты Қытай мен Еуропаны байланыстыратын жібек жолында жатқандықтан, Еуропадан Қытайға, Қытайдан Еуропаға дамылсыз өтіп жатқан керуендерден, белгілі алым-салықтар алынып отырған. Бұл түрік қағанатының сыртқы алым-салықтары. Сонымен қатар, кейбір жағдай-ларда, белгілі бір көпестерге алым-салық жинау құқығы да берілген. Оны Т.С. Жұмагамбетов былай сипаттап көрсетеді: «Пошлины платились при прохождении отдельных государственных и административных границ и т.д. богатые купеческие дома одалживали правителям большие суммы денег при осуществлении ими отдельных, требующих больших материальных издержек мероприятий, чаще всего это частные грабительские походы в мирное время, когда даже государственный правитель не мог использовать свое право на созыв ополчения, а налоговые сборы исчерпаны. Взамен купцы получали одноразовое право собрать налоги с определенных местностей с учетом торгового процента». [4,с.311 ]

Қазақ жеріндегі тағы бір ерте феодалдық монархияның бірі, түркеш қағанаты болып табылды. Түркеш қағанаты, түрік қағанатының барлық саяси құрылымдарын өзінің бойына сіңірген, оның бірден-бір мұрагері. Түркеш қағанатының басқару жүйесінің негізгі лауазымды тұлғалардың, сол түркі қағанатынан бастау алады. Осыған сәйкес, бізде түркеш қағанатында алым-салық жинау-дың да, негізгі институттары жоғарыда айтып өткен, түркілерден алынған деп айтуға негіз бар. Бұл ойымызды, Ө.Дәулетханның мына пікірі негіздейді және терендете түседі: «Міне осы 705 жылдан былай қарай Сақал қаған ел билеудің дәстүрлі түркілік әдісін қалпына келтіріп, ел территориями үлкен-кіші қағандыққа бөліп басқаруға көшті. Яғни, ағалы-інілі Сақал мен Жену қаған болып ресми ел билеуге кірісті. Сонымен бірге, бағынышты елдерді билеуге бақылаушы тұтұқ-тар тағайындау дәстүрін де қалпына келтірді. Тұтұқтар өздерімен бірге руластарынан жасақтал-ған әскерін, ауыл-аймағымен қоса алып жүретін болған. Бақылаушы тұтұқтардың негізгі міндеті бұрынғыша бағынышты елдің аумағына бақылау орнату, міндетті алым-салықты дер кезінде жинатып, Ордаға жіберту, ішкі бүлікті болдырмау, бүлік шыға қалса дереу жаныштап, тыныш-тандыру, жергілікті хандар мен бектердің амандығын қорғау, әрі солармен сәйкестеніп жұмыс істеу еді». 5 [5,91 б.] Түркеш қағанатының дамыған ақша жүйесі де болды. «Түрік халықтары құрған үлкенді-кіші мемлекеттер тарихында, түркештер ең алғашқылардың бірі болып өз қаған-дары атында металл ақша шығарғанын айрықша тарихи оқиға ретінде атап өтуге тиіспіз. Айбын-ды Сұлық қаған Талас пен Невакетте 725-726 жылдары өз ақшасын жасатты, бұған дейін айна-лыста жүрген таң, араб, иранның металл ақшаларымен еркін бәсекеге түсірді». [5,120 б.] Міне, түркеш қағанатында мұндай дамыған ақша жүйесінің болуы жүйелі салық қатынастарының қалыптасқандығын көрсетеді.

Қазақстан аумағындағы дамыған феодалдық мемлекеттердің бірі, Қараханидтер мемлекеті болып табылады. Қарахан Қазақстан жеріндегі ислам дінін мемлекеттік дін ретінде ұстаған бірден бір мемлекет. Сондықтан да, бұл мемлекеттің құқықтық жүйесінде, көбінесе алым-салықтардың қалыптасуы, мұсылмандық мемлекеттердің құқықтық жүйесімен тікелей байланысты болып келеді. Қарахан мемлекетінде алым-салықтардың нақты және жүйеленген түрі қалыптасты. Қарахан мемлекетінің орталық басқару жүйесінде алым-салық мәселесімен айналысатын арнайы тұлға болған. Бұл чиновник «Мустауфи» деп аталды. Қарахан мемлекетінде отырықшы халықтарда "Харадж салығы" деп аталды. Сонымен қатар, саудагерлер мен көпестер сауда жасағаны үшін алынатын алым-салықтарды төлеп отырды. Қарахан мемлекетінің алым-салық жүйесінің ерекшелігі мына-да: «Особенностью налоговой системы государства Караханидов был институт икта. Так назывались районы, право сбора налогов, с которых государство передавало частным лицам, именовавшимся иктадарами или мукта. При этом иктадарам не разрешалось увеличивать сумму налогов или каким-либо образом притеснять население икты. Эти

условные пожалования давались членам правящей династии, чиновникам, военачальникам. Наиболее распространенной формой икты была ктат-и -хашам-военная икта, дававшаяся иктадарам на условиях несения военной службы». [6, с. 137] Қарахан мемлекетіндегі алым-салық жүйесі қарақытайлар саяси аренаға шыққанан кейін жойылған болатын. Ихта жүйесінің жойылуы қарақытайлар Гурхан аты үшін Е.А. Әбілдің ойы бойынша мынандай салдарға әкеліп соқты; «Кара-китаи упразднили институт «икта», но усилили налоговый гнет. Все население Жетысу было обложено новым налогом - по одному динару с дома. Сбором налогов занимались наместники гурхана. В середине XII века налоговая политика еще более ожесточилась, кара-китаи перешли к фактическому грабежу подвластного населения, кочевые общины насильно переводились на оседлость, чтобы увеличить сбор поземельного налога «харадж». Эта политика вызвала недовольство местного населения, что послужило основной причиной ослабления и упадка государства кара-китаев». [7, с. 56] Көріп отырғанымыздай, кейбір жағдайларда салық саясатын дұрыс жүзеге асырмау, бір мемлекеттің де тағдырын шешіп кетуі мүмкін. Қарақытайлар мемлекеті өзінің бастауын қидандар мемлекетінен ала-тын ортағасырлық дамыған мемлекеттердің бірі болған. Соған қарамастан, салық саясатын дұрыс жүзеге асырмауының аркасында тарих сахнасынан жогалып кетті.

Қазақстан аумағындағы дамыған мемлекеттердің бірі найман хандығы болып табылады. Найман мемлекеті саяси басқарудың көптеген үлгілерін өмірге әкелген, өте бір дамыған мемлекет болып табылды. Найман хандығының басқару жүйесі де өте күрделі еді. Найман хандығында жазылған заң жүйесі де қалыптасты. Бірақ а, жазылған заң мәтіні, бүгінгі күнге дейін жете қойған жоқ, әлі табыла қойған жоқ. «XII ғасырда Найман ұлысында әдеттегі право қолданылды. Ұлыстың іс жүргізу қызметі болды. Іс ұйғыр жазуы арқылы құрылып, документтер, әсіресе салық жинау, лауа-зымды адамдарды тағайындау туралы құжаттар хан жарлығымен тұрақтандырылып, оның ақиқат-тығын дәлелдейтін «Ханның алтын мөрмен (тамга)» куәландырылатын болды». [8,68 б.] Найман мемлекеті де қытайлар сияқты алым-салықты хаттап, жазып отыратын болған. Найман мемлекетінің құқықтық жүйесінің ерекшеліктері, оның ішінде алым-салық жүйесі әлемді дүр сілкіндірген монгол империясының құқықтық өмірінің негізін құрады. Найманның Таян ханның кеңесшісі кейіннен Шыңғысханға кеңес бергенін біз тарихтан білеміз. Бұл кезең Шыңғысхан империясының қалыптасып, орнығу уақытына дәл келеді. Осыны негізге ала отыра, Шыңғысхан империясының құқықтық жүйесінің қалыптасуында да, Найман хандығының құқықтық жүйесінің үлгілері көптеп негізге алынған болатын.

Қазақ даласында Шыңғысхан империясы, оның ішінде Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін ірі мемлекеттердің бірі Ноғай Ордасы болды. Ноғай Ордасында дамыған алым-салық жүйесі қалыптасты. Оны осы Ноғай Ордасының саяси құқықтық жүйесін зерттеген ғалым Е.А. Поноженконың мына ойы дәлелдей түсетіндей: «ясак - десятая часть скота и продуктов скотоводства, зякат-основанный на шариате налог со скота в размере 1/40 или 2,5% от общего количества скота. Кроме того, существовали еще и обязательные «добровольные приношения», а также различные отработки, облакаемые в оболочку «родовой помощи», которая представляла собой тесное переплетение различных форм экономического и внеэкономического принуждения. Черные улусные люди обязывались еще и повинностями служебного порядка, главной из которых была воинская. Таким образом, рядовой кочевник в Ногайской Орде являлся основной военно-податной единицей феодального государства». [9, с. 15]

Қорыта келгенде, қазақ қоғамында алым-салық қатынастары жүйесінің қалыптасуы, бірнеше ғасырларға созылған, бірнеше эволюциялық даму жолынан өткен, өзінің бойына көшпелі өмірдің барлық талап-тілектерін сіңіре білген эмбебап жүйе болып табылады. Қазақ қоғамындағы алым-салық жүйесі қазақ жеріндегі мемлекеттердің дамуымен ілгері дамып отырды. Ал сахара жүр-тындағы мемлекеттік бірлестіктер жойылып кеткенде алым-салық жүйесі өзінің өмір сүруін тоқтатты. Бірақ, сол кезеңде қалыптасқан алым-салық жүйесінің дәстүрлері қазақ хандығына дейін жетіп отырғандығын байқаймыз. Сондықтан да, біздің ойымызша, дәстүрлі қазақ қоғамында тек қана құқықтық жүйе ғана емес, мемлекеттің бір нышаны болып табылатын алым-салық жүйесі де тарихи сабақтастықта ғасырдан-ғасырға үзілмей, жалғасып келді.

1. Сиуцуну. Хан кітабы. (Көне кытай жазбаларынан) / Аударып, алғы сөзін түзген және құрастырған Қ.Салғараұлы. - Алматы: Сан ат, 1998. - 288 б.
2. Гумилев Л.Н. Хундар / Орыс тілінен ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов. - Қазақстан. 1998. - 528 б.
3. Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб и доп. - М: Логос, 2002. - 312 с.
4. Жумаганбетов Т.С. Проблемы формирования и развития древнетюркской системы государственности и права. УІ-ХІІвв.: Монография, - Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 432 с.
5. Э.Дәулетхан Туркеш цаганаты. Монография. Бірінші кітап. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. - 185 б.
6. Е.Абилъ Политическая система кочевников Казахстана: Опыт системного подхода. - Астана: Фолиант, 2001. - 192 с.
7. Е.Абилъ История государства и права Казахстана: Курс лекции. / 3-е изд. переаб. и доп. - Караганда: ТОО Учебная книга, 2005. - 256 с.
8. З.Қиянатұлы. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: ІХ-ХХІІ ғасыр. - Астана: Елорда, 2001. - 208 б.
9. Поноженко Е.А. Общественно-политический строй Ногайской Орды в ХУ - середине ХУІІ вв: Автореф. канд. юр. наук.: 12.00.01. -М., 1977. - 24 с.

### Резюме

В данной статье рассматриваются основные этапы развития налогообложения в обычном праве казахов.

### Resume

In given article it is considered the basic stages of development of the taxation in a common law of Kazakhs.

## ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ӨСИЕТТЕРІ

**Ж.Сагындықова** - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы

Әйтеке би өмір сүрген ХVІІ ғасырдың екінші жартысы - ХVІІІ г. басы қазақ елінің шаңырағы-на қара бүлт ойналған кездер еді. Оның батысынан күдіретті Ресейдің отарлық құрығы қазақ шебіне үйіріліп, бунауга ұмтылған, ал шығысында аждаһадай буырқанған жоңғар хандығының қазақ жерін жайпап өтіп, Еділ бойы қалмақтарымен ұштасып, ұлан-ғайыр империя құруға ұмтыл-ған, оңтүстігіндегі көршілері Хиуа, Бұхара, Қоқан хандықтарының да қазақ есебінен жемсауын толтырып, тояттау үшін ширьға бастаған кезі еді. Сондықтан да болар, Салқам Жәңгір (1652-1680) мен Тәуке хан (1680-1717) өздерінің өмірін жаугершілік, аласапыран, жанталас кезеңдерін-де, бес қаруын бойында сақтап, атүсті жорықтарда өткізген.

Осы кезеңдегі жоңғар хандары Сеңге (1653-1670), Қалдан Бошақты (1670-1697) және Сыбан Рабтан (1697-1727) қазақ жеріне жойқын шапқыншылықтар жасады. Осы шапқыншылықтар қазақ халқын "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға" 1723-1759 жылдар арасындағы Отан соғысына алып келді. Бұл соғыс еліміздің жеңісімен, жоңғар хандығының құлауымен аяқталды.

Міне, осы кезде Әйтеке бидің тарихи сом түлгасы бір жағынан, Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би ортасымен, екінші жағынан, ел намысын жалау етіп ақтық демі біткенше айқасуға бел байлаған қазақ халқының тағдырымен, үшінші жағынан, Ресейдің құйтұрқы, бұлаң саясаттарымен қиындасты. Бұның бәрі Әйтеке биді ширьқтыра түсті.

Ел басқарған, ел бірлігін, үш жүзден сайланған үш арыстың біреуі Әйтеке би кезінде шешенді-гімен, көсемдігімен, даналығымен көзге түскен. Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар айтады. Әйтеке би бұдан үш ғасыр бұрын (300 жыл) ғұмыр кешкен. Алдымен Қазақстанның батыс бөлігі Кіші жүзді

басқарған, одан кейін Тәуке хан дәуірін-дегі қазақ хандығының аса көрнекті биі болған ерекше тұлға.

«Ақылды адам - халықтың данасы» - дейді бұрынғылар. Сол айтқандай Әйтеке бұрын өткен ру-ру, тайпа-тайпаны ғана емес, бүкіл қазақты біріктіріп, ел-елді, үш жүзді, яғни, алты алашты басқаруда даңғыл жол ашып, болашаққа болжам жасаған дана адам. Сондықтан Әйтеке бидің өмірі, еткен еңбегі, айтқан билігі, шешендік сөздері кейінгі ұрпақ біздерге әрқашанда үлгі өнеге. Ол өзі ұлылық, асқан білгірлік, керемет көрегендік таныта тұрса да, күрделі де қиын ғұмыр кешкен. Байқаған адамға Әйтеке бидің өмірі туралы ел ішінде, «Әйтеке би айтқан екен» деген аңыз, әңгіме көп. Халықтың ақылды білгірі, қара тілдің дүлділі атанған Әйтеке бидің екі адам арасын-дағы дау-шардан бастап екі ел арасындағы мәміле-бітімге дейін араласып, әділ билік айтқаны баршаға аян. Сол себепті де ол өз заманындағы саяси әлеуметтік мәселелерге белсене қатысып, қазақ халқының іргелі ел болуына елеулі үлес қосқан. Әйтеке жақынын жараламай, алысын қара-ламай, қай кезде де ел татулығын сақтаған, ел бірлігін ойлаған. (1)

Қазақ «Өнер алды - қызыл тіл» деп, сөз өнеріне үлкен мән беріп, сөз өнерін бірінші орынға қойғанын білеміз. «Көп сөз - көмір, аз сөз - алтын», «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бол-сын», - деп аз сөзбен терең мағына беруге үйреткені белгілі. Әйтекенің киелі аузынан шыққан жүйелі сөзі оны ел назарына ерте іліктірген. Ол жастайынан батылдығымен, әділдігімен, шешендігімен көзге түскен. Оның айтқан билігі, шешендік сөзі өте көп.

Әйтеке Бәйбекұлы 1644 жылы коктемде Самарканд пен Бұқараның аралығында өз ата-бабасы-ның көшіп барған мекені Қызбиді тауының етегінде дүниеге келген.

Әйтеке он екі жасқа дейін үлкен әкесі Ақша ханның тәрбиесінде болған. Ақша хан немересі Әйтекенің келешегінен көп үміт күтіп, он жеті жасынан Ордадағы хан кеңесіне апарып ел басқару билік айту ісіне баулып, басқа елдерден келген қонақты қабылдау рәсіміне қатыстырады. Аға-сы Жалаңтос батырдың немерелерімен бірге Бұқарадағы діни медресеге оқуға береді. Ол діни оқуды оқи жүріп араб, парсы тілдерін үйренеді. Әйтеке жиырма бес жасында Тортқара руының биі, ал отыз жасында жиырма тоғыз рудан құралған бүкіл Кіші жүздің (яғни, алты ата Әлімнің, торт ата Кетенің, он екі ата Байұлының, жеті ата Жетірудың) тобе биі болып сайланған. (2)

Әйтеке би қазақ жұртының тығырыққа тірелген ең ауыр, ең қиын кезеңінде ғұмыр кешті. Өмір бойы жанын салып халқына қамқор, еліне пана болған атақты би өзінің дегеніне жете алмай, айтқан ақыл-өсиетін өткізе алмай пәни дүниеден арманда өтті. Қарадан шыққан қазақты қосем сай-лаймын деп, торе тұқымынан біржола безініп кетті. Қазақтың дарқандығы мен кең пейілділігіне, ақ жүректігіне сүйсінген ол сұлтандар мен билердің, торелер мен батырлардың өзара әлім-жетік, дау-дамайына, текетірес тартысына жиіркенішпен қарады. Жер дауы мен жесір дауын, ел ішінде-гі барымта-сарымтаны көп көрді, бәр-бәрін алдынан өткізді. Соның бәр-бәріне әділ билік айтып, айыр тілді Әйтеке би атанды.

Әйтеке - дана би тана емес, ұлттық мақтанышымыз, қазақтың жүз жылда бір туар арысы, артына өшпес із қалдырған адал перзенті. Өз халқына, ел жұртына адал еңбек еткен, оның ірге-лі ел болуын жатпай-тұрмай ойлаған мұндай тұлғалар аргы-бергі тарихымызда өте аз. Әйтеке сонысымен де ұлы тұлға. (3)

Әйтеке бидің зор тұлғасын аңыздан шындыққа айналдыра жан-жақты талдап, өзінің терең тебіреністі толғанысын ұсынған Әбіш Кекілбаев болды. Оның «Әйтеке би» атты туындысы, баба-мыздың өмірін сол замана ағысынан өрбіткен бірінші тарихи туынды деп қараймыз.

Әйтеке би - зор тұлға. Ол қазақ тарихында аса маңызды орын алады. Ал тарих откеннің мақ-танышын да, уытын да бойына сіңірген өмір мектебі. Ол зірірегін айтпағанда, сонау Әйтеке зама-нынан ұрпақтармен ұласып жатқан тәрбиелік мұра, өнеге жолы. Міне сол жол Әйтеке жолы, қазақтың үш алыбының жолы. Бұл ең бастысы. (4)

Бұлардан шығатын қорытынды:

1. Әйтеке би - ұлт мақтанышы, алып тарихи тұлға, зор мемлекеттік қайраткер, мәмлелер.
2. Әйтеке би - қазақ халқының ар намысын алау еткен, оның бірлігі үшін күрескен. Отанына шынайы берілген азамат. Қазақ халқының бірлігі - оның өмірінің өзегі.

3. Әйтеке би орталықтанған қазақ хандығының Конституциясы болған «жеті жарғыны» жасақтаушылардың бірі, заңгері. Оның тарихи ортасы - Жәңгір хан, әз Тәуке хан, Қазыбек билер, сол замандағы өз елін қорғай білген қаһарман қазақ халқы.

4. Әйтеке би қазақ халқының ұрпақтары үшін сарқылмай рухани азық қалдырған тарихшы, философ, шешен, идеолог, педагог.

Әбіш Кекілбаев: «...бір халықтың үш арысының бірін ұлы, бірін орта, бірін кіші санағанмен ешқайсысының басы аласарып, бағасы кемімейді. Атақты үш би адамдар арасындағы осы бір жарасымды күллі елдік жарасымға айналдыруға тырысқан. Қазақ үшін татулықтың, тұтастықтың асқақ өлшемі - екі туып бір қалу. Сондықтан да, олар бүкіл ұлтымызды екі туып бір қалған қып көрсету идеологиясын ұсынған. Өйткені ол үшеуі үшін ел мерейінің биік болғандығынан асқан мұрат болмағанға ұқсайды», - деп өте дұрыс жазған. Әйтеке бидің армандаған қазақ жерінің тұтастығы, жамағатының мызғымас бірлігі, сол замандағы ұлы тұлғалардың және еті тірі, көкіре-гі ояу, парасатты, иісі қазаққа бүйрегі бүлкілдеп қана қоймай, қажет болса жанын пиде етер ерле-рінің де өмірінің арқауы еді.

Өз елін, жұртын жаньтндай сүйген атақты көріпкел Әйтеке би халқына төніп келе жатқан ұлы қырғынды көрмей қоз ясұсам екен деп армандап, биліктен кеткен. Сөйтіп, өз бабасы Сейітқұл әулиенің мекеніне қарай ығысып, ақыры 1700 жылы елу алты жасында дүниеден өтеді. Сүйегі Нұрата тауының бауырындағы Сейітқұл бабасының қорымында жерленген.

Әйтеке би қазақ бірлігін қызғыштай қорғаған. Ол Күлтөбе жиынының бірінде: «Біз қазақ - бір биенің құлыны едік, тұлпар болып оза шабайық. Біз бүкіл қазақ - бір ұяның балапаны едік, қанат-танып сұңқар болып самғайық. Біз бүкіл қазақ бір тоғайдың ағашы едік, орман болып жасылдана-йық, жайқалайық. Біз *бұқт* қазақ - бір шаңырақ, бір қазан, бір төрлік дастархан болып атамекен-ді түгел қамтиық» деген екен.

Би бабамыз бүкіл қазақ халқын парасаттылыққа, сол арқылы бірліктің биігіне шақырған. Ал бір даудың ретінде: «Ашу деген - ағын су, алдын ашсаң арқырар. Ақыл деген - дария, алдын тос-саң тоқырар... Кісі бірге туыспау керек, бірге туысқасынн сөз қуыспау керек. Сөз қуған пәлеге жолығады, жол қуған кәдеге жолығады», - деп байлам лсасапты. Осылардың түйдектелген фило-софиялық ой оралымдары ар жағы түркі, алты алаш, бер жағы қазақ жамағаттары бірлік, туыстық жолын қуып берекеге жетсек деген арнасына құйса керек. (5)

Жас ұрпақты тәрбиелеуде Әйтеке бидің өсиеперінің маңызы өте зор.

1. *Қазақтың Ата заңдары. «Жеті жарғы» - Алматы 2004. - 496 б.*
2. *Н.Әбуталиев. Халық кеңесі. 1995. 21 қазан.*
3. *ҚСЭ. I том - Алматы 1985. 55 б.*
4. *Әбіш Кекілбаев. «Әйтеке би» - Алматы 1991. 48 б.*
5. *М.Есламғалиев. Ата заң. «Жеті жарғы» - Алматы 2004. 519-522 бб.*

### Резюме

Айтеке би, имя и слава которого простирались далеко за пределами исконных территорий Младшего Жуза, стал в свою эпоху легендой. Айтеке получил разностороннее для своего времени образование, учился в знаменитом Медресе Улугбека. Овладел рядом восточных языков - арабским, персидским и тюркским. За советами к нему обращались государственные деятели, военачальник. Он стал толкователем Степных законов.

### Summary

Aiteke bey whose name and glory reached far outside of native territories of the Younger zhuz, became a legend of his epoch. Aiteke has received all-round for his time high education, studied in the famous Mederese of Ulugbek and successfully graduated from it, and he has mastered a number of east languages - Arabian, Persian and Turkish. State figures, military leaders addressed to him for advises. He became the interpreter of the Steppe Laws.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПЕДАГОГИКА БІЛІМІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ**

**А.Акимжанова** -*Абай атындағы ҚазҰПУ-ның Құқық және Экономика институты Халықаралық құқық мамандығы 2-курс колледжден кейін студенті,*

*Ғылыми жетекші: «Азаматтық-құқтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы - Г.Б. Мейірбекова*

Тәуелсіз елдің тарихын қайта сүзгіден өткізу де кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Қоғамда-ғы, саясаттағы өзгерістерге байланысты ғылымның барлық салалары да мұқият қайта зерделеуді басынан өткеруде.

Біздің Қазақстан интенсивті даму барысында, сондай-ақ жоғарғы басшымыз Н.А. Назарбаев-тің стратегиясын толықтырады. Тарихқа жүгінетін болсақ, біз 16 жыл бойы терең еңбек етудеміз. Осыған байланыстыт Қазақстанның экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік қарым-қатынастардан да әлемдегі елдердің ең жоғарғы даңққа жетті. Сондықтан да, біз Қазақстанның экономикасын көтеру үшін ең бірінші мақсат білімді кадрлар дайындау - дейді елбасымыз Н.Ә. Назарбаев. [1,2]

1935 жылы қара шаңыраққа ұлы ағаргушы ақын Абайдың аты берілсе, 2001 жылы ҚР Прези-дентінің Жарлығымен Ұлттық Университет мәртебесіне ие болды. Университет 80 жылдан астам өмірінде 100 мыңнан аса жоғары білікті педагог-маман дайындады. Бүгінде еліміздің ірі ғылыми-білім беру орталытына айналтан киелі шаңырақтың Мерейтойы қарсаңында университет ректоры, профессор С.Ж. Пралиевтың 80 жылда жеткен табыстарға баға беріліп, алға жаңа міндеттер жүктеуі де білім ұясына көрсетілген үлкен сенім, жауапкершілік болса керек.

Қазақстандықтарта, оның ішінде өсіп келе жатқан ұрпақтар мен педагог-ұстаз қауымына өздерінің халқы мен мемлекетінің тарихын оның ішінде педагогика білімінің тарихын педагог кадрларын дайындау тарихын білу өте маңызды.

Қазақстан Республикасының педагогика білімінің даму тарихы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің дамуымен тікелей байланысты екеніне көз жеткізуге болады. Біздің университет ұлагатты өшпес тарихы бар және толыққанды өмір сүріп келе жатқан, және өмір сүріп отырған ең тұңғыш университет, яғни Қазақстанда жоғарғы оқу орындарының алғаш құрылған қара шаңырағы болып есептеледі. Республикадағы алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының бірегейі болып аналу бір күннің гана еңбегі емес, ол көптеген айлар жылдармен келген мандай тер, еңбектердің жемісі.

1917 жылға дейін Қазақстанда бірде бір жоғары оқу орны болған жоқ. Сол кездің өзінде жоғары білімі бар адамдар саусақпен санарлық болған, олардың өзі Ресейден білім алып келген бай-лардың балалары гана болатын.

Тек қана Кеңестер Одағы құрылған кезден бастап қана, қазақ жастары тек қана өзінің елінде, өз республикасында гана емес Москва, Ленинград, Саратов, Қазан және Кеңестер Одағының басқа қалаларында оқи бастады. Яғни сол кезендерде Қазақ елі өзінің алташқы кадрларын, алғашқы галым оқытушы - қазақтарын тарих бетіне алып шықты.

1926 жылы Қызылордада республиканың алғашқы оқу орындарының қалыптасуы басталды. Олар алғашқы курстар болатын, одан кейін педагог кадрларын жүйелі түрде дайындайтын алғаш-қы екі жылдық университеттер қалыптасты.

Ресей Федерациясының құрамында 1936 жылға дейін болған Қазақ Автономиясы сол кездері мемлекеттік органдарға жұмыс істейтін кадрларға мұқтаж болды. Сондықтан педагогика білімі-нің қалыптасуына үлкен роль ойнаған РСФСР-дың Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 20 сәуір 1931 жылғы: «Совет құрылысы жұмысының кадрларын дайындау және қайта дайындау шаралар туралы» - Қаулысы болды.

1932 жылдың өзінде Қазақ АССР-ында Орталық атқару комитетінің бастауымен алты айлық курстар ұйымдастырылды. Олар аудан, облыстардағы кеңес жұмыстарын дайындайтын, сол кез-дегі «рабфактар» яғни жұмысшы факультеттер ашылды.



Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің еліміздегі өзі қатарлас басқа жоғары оқу орын-дарынан ерекшеліктерінің өзі осында. Біріншіден, бұл оқу ордасында жасалып жатқан ғылыми жұмыстар аса терең мәнде әрі кең ауқымда жүзеге асырылады. Университет құрамында қазірдің өзінде бірнеше ғылыми-зерттеу кеңестері бар. Мұндай ауыз толтырып айтарлық жетістік респу-бликамыздағы басқа бірде-бір оқу орнында әзірге жоқ. Әрі осының барлығын нарықты экономика-ның талаптарына бейімделіп, уақыт жауапкершілігін арқалай дүниеге келген ғылыми-зерттеу орталықтары. Халықаралық деңгейде және өз мемлекетіміздің ішінде өзіне-өзі дем беріп отыр. Ежелгі қара шаңырақ қолтығының астында өсіп-жетіліп келе жатқан бұл ғылыми-зерттеу отаула-ры күні бүгін шетелдік грантты жеңіп алып, сол несібені жеткілікті түрғыда пайдаланып отыр. Сондай-ақ, университеттің ішкі тұтастығы да аса бай екенін ұмытпаған жөн.

Университеттің екінші бір ерекшелігі - оқу орны жоғары білімді маман кадрлар дайындаумен ғана тынбайды, кәсіпқой ғалымдар өсіріп, тәрбиелеумен де тікелей айналысады. Университеттің тәрбие жұмысы өте үлкен кеңістікті қамтиды. Бүгін университеттің өз ішіндегі тәрбие жұмысы-мен қатар сыртқы ортамен байланысы, түрлі үйірмелер, клубтар жұмысы кіреді. Университеттегі оқу-тәрбие ісіне қатар басқару органдары (декан және студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы) атсалысады. Үйірмелерді әр мамандыққа қарай топтастырса, клубтарды студенттердің қызығу-шылығына қарай топтастырып жіктейді. Студенттерді осындай қоғамдарға тартудың арқасында олардан қазіргі қоғамда өзін-өзі көрсете алуға қабілетті, ізденімпаз, іскер тұлға қалыптасады. Сондықтан өз қабілеттерін, өзінің икемділігін, өзінің мүдделерін, құндылық бағдар-бейімін ашып көрсетуіне, сондай-ақ, шынайы табиғатымен қабылдау үшін барлық мүмкіндіктер жасау керек.

Осыдан келіп білім беруді демократияландырудағы жаңа жағдайда педагогика үрдісін басқару диалогтық сипат алады, ал өзара қарым-қатынасты жаңадан қалыптастыру негізгі мәселе болып қала береді. Қазіргі таңда басқарудың диалогтық сипаты үлкен рөл атқаруда. Бүгін Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында: «Диалогтың ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс қарым-қатынасты күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз», [2,6] - деп, айқын етіп атап көрсетуі дәлел бола алады. Зер сала қарасақ, Президенттің бұл сөзінен бүгінгі күнге қажетті ойлау үлгісі мен элементтік тәртіптің қалыптасуының ұштасуы кезіндегі диалогтық өзара қарым-қатынастың дамуына, адамның тұлға-аралық, жалпы қоғамдық қарым-қатынастарының барлығы қарым-қатынас арқылы іске асатын-дығына нақты да анық мән бергенін байқаймыз.

Сондықтан, бүгінгі заман талабына сай жоғары білім беретін университеттің алдына жаңаша міндеттер қойылып отыр. Өйткені, қарым-қатынас - бүгінгі педагогикада жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың тиімді шарттары болып табылатын білім-білік, ақыл-ой, дағды, тәжірибе, мәлімет алмасуларды қажет ететін субъектілердің өзара іс-әрекеті. Ол адамды құрал емес, тұлға ретінде танып білуді, тұлғаның қалыптасуына педагогикалық жағдай тудыруын, әлеуметтік шынайылығы мен өзін-өзі дамытуын талап етеді.

1. Назарбаев Н.Ә. *Еркін елдің ертеңі - кемел білім мен кенен ғылымда* // *Егемен Қазақстан*, 2004, 13 қазан. - 4 б.

2. Пралиев С.Ж. *«Тәуелсіздіктің жиырма бесінші жылдығындағы Білім мерекесі»* // *Абай университеті*, №7, 2011, қыркүйек. - 1 б.

3. Н.Назарбаев. *«Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы*. - Алматы: Юрист, 2008. - 20 б.

## Түйін

Қазақстан Республикасында педагогика білімінің даму тарихы - Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің даму тарихымен салыстыра отырылып қаралады.

## **Резюме**

История развития педагогических наук в КР сравнивается развитием в КазНПУ,

## **Resume**

History of pedagogical sciences of KR compared to the development of KazNPU

### **ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ - ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУДЫҢ БІР ТҮРІ**

**Г.Алпысбаева** - *Құқық және Экономика институты Құқықтану мамандығы 4-курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ,*

*Ғылыми жетекші: «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы - Г.Б. Мейірбекова*

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [1,4] айқындалған міндеттерді жүзеге асыру, заман талабына сай жоғары білікті мамандарды қалыптастыру, соның ішінде қоғамның сұранысына қажетті мамандарды даярлап, білім мен ғылымды интеграциялау арқылы білім берудің сапасын арттыру және ақпа-раттық технологияларды тиімді қолдану мәселелеріне қол жеткізу - еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік озық тәжірибеге сай реформалауды пәрменді жүргізуді талап етуде.

Қарастырылып отырған проблеманың шешімі көп жағдайда жоғары білім беретін оқу ордаларын басқаруды жетілдірумен айналысатын жоғары оқу орны басшыларының басқарудағы кәсіби даярлығының деңгейімен айқындалады. Жоғары оқу орны басшыларының басқарудағы бүгінгі кәсіби біліміне жасаған талдау олардың басқару ісінен ғылыми-педагогикалық, әдістемелік білімін, іскерлігі мен дағдысын толықтырып, кәсіби кәсіпкерлік қабілетін дамыту қажеттігін дәлелдейді,

Осыған байланысты қазіргі таңдағы алынып отырған мемлекеттік білім беру саясатының бас-ты бағыты - адам ресурсы. Адамзат қауымын жоғары білім және ғылыммен қамтамасыз ету - қоғам дамуының негізгі мақсаты. Ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған бүгінгі күні жан-жақты дамыған азаматтарды қалыптастыру, әсіресе, жоғары оқу орындарын жаңарту, студент пен оқытушының білімі мен біліктілігін дамыту ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Себебі, білім берудің жаңа мазмұнына байланысты Ұлттық жоғары оқу орындарының әрекеті оқыту үрдісін ұйымдастырушы ретінде қарастырылып, студенттің, бола-шақ кәсіби маманның тұлғалық аспектілерін дамыту мәселесі алғы орынға шықты. Бұл оқу қыз-метінің субъектісі ретінде даралық, өзіндік жұмыс істеуге, өзін-өзі баталай білуге, білім алуға талпынуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру басты құндылық болып отыр Қазақстанның өз алдына егемендік алтанынан бергі болып жатқан өзгерістер жотары білім беру саласын да айналып өткен жоқ. Оның бір көрінісі жотары білім беру жүйесінде жотары оқу орындарының жаңа типтерінің, яғни жеке оқу орындарының пайда болуы. Білім берудің қалыптасқан жүйесін өзгеріске түсіру оның мәні мен маңызын анықтап, оны ғылыми тұрғыда зерделеу және полиэтникалық ортаға лайықтап бейімдеу қажеттігін тудырды. Себебі, бірнеше мәдениет тоғысында өмір сүріп жатқан қазақстандықтар үшін ең басты құндылық - татулық, өзара сыйластық. Осы ұста-нымдарды басшылыққа ала отырып, әр халық өзінің ұлттық болмысын сақтауға құқылы. Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап дамытуда білім мен тәрбиенің ордасы болып саналатын Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің рөлі өте жотары. Білім беру ордалары ұлттық сипат алмаса, ұлттық мәдениет пен ұлттық тәрбиенің болуы мүмкін емес. Дегенмен, Қазақстанның тылымында жаңа сипаттағы жоғары оқу орындарының ұлттық мазмұны өз дәреже-сінде зерттелмей отырғанын мойындау керек.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде жақ-таймыз. Алайда, әр қотамның өзіндік ерекшеліктері бар, ол қалайда ескерілуге тиіс

қайталанбас этномәдениетке, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді кімде-кім мұны түсінбесе, кімде-кім етжа-қындық және рухани тұртыда өз халқының мәдени кейпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймайды, сонымен бірге одан кез-келген басқа мәдениет теріс айналады, Бұл тура мағынасындағы да, оның агрессияшыл көрінісі тұрғысындағы да мәңгүрттікке бастайтын тура жол», - деп. біздің қоғам үшін аса көкейкесті мәселені атап корсетті. [2,1] Сондықтан, бүкіл әлем халықтарының өміріне жаһандану процесі тұтастай еніп келе жатқан бүгінгі күнде өз тәуелсіздігін алған Қазақстан үшін Елбасы ескертіп отырғандай, өз келбетінен айрылып қалмау мәселесі - өзекті де өткір болып отыр.

Кеңес заманындағы білім беру жүйесінің элеуметтік мәселелерді шешуде, халықты жаппай сауаттандыруда атқарған қызметін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, ол жүйе қазақ ұлтының мүддесін толық шеше алмағандығы анық. Оның дәлелі қазақ ұлттық жоғары оқу орындарының жоқтығы, санының аздығы, ана тілінің қолданыс үрдісінің шектелуі. Сондықтан әрбір ұлттың ұлт болып қалыптасуы мен дамуына жағдайдың жасалуы - халқымыздың ертеден аңсап келген, қазірде баянды болып отырған Егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізге тікелей байланысты екенін баса айтқан орынды. Мұның өзі Қазақстанның ғылымында жаңа сипаттағы жоғары оқу орындарының ұлттық мазмұнының даму бағыттарын зерделей отырып, бір жүйеге келтіру мәселесінің өзектілігін айқындайды. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге соқтыруы мүмкін руха-ни мәңгүрттіктен сақтану, оның алдын алу шаралары жаңа заманнан бастау алып отыр және бұл мәселенің оң шешімінің табылуының бір жолы жоғары білім беру процесіне этнопедагогиканың, педагогикалық инновацияның және жаңа элеуметтік-мәдени жағдайда Ұлттық Жоғары оқу орнын басқару жүйесінің ене бастауының көрінісі.

Бұл талаптар білім саласы басшыларына да үлкен міндеттер жүктейді. Себебі, әрбір мемлекеттің болашағы, мамандары олардың Ұлттық Жоғары оқу орындарында шындалады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-ті - мамандар дайындау мен ғылым мен техниканың түрлі саларын қамтитын аса маңызды ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен орын-дау жөніндегі осы заманғы ғылыми және оқу ортылығы.

Ғылыми кеңес Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ұжымдық басқарудың бір түрі болып табылады. [3,2]

Абай атындағы ҚазҰПУ-ті Ғылыми кеңесінің төрағасы университет ректоры болып табылады. Төрағаның орынбасарын төраға тағайындайды.

Ғылыми кеңес ректордың бұйрығымен құрылады. Кеңестің төрағасы мен оның орынбасары-нан басқа барлық мүшелерін университеттің жалпы жиналысында күпия түрде дауыс беру арқы-лы сайланады. Хатшы Ғылыми кеңеспен сайланады және ол құжаттама жүргізуіне жауап береді.

Ғылыми кеңестің құрамына: ректор, проректорлар, факультет декандары, жалпыуниверситеттік кафедра меңгерушілері, ғылыми-зерттеу институттардың, орталықтардың, ғылыми-техноло-гиялық парктің, ұлттық лабораториялардың директорлары, департамент басшылары, профессор-лік-оқытушылық құрамның және студенттердің ұйымының өкілдері.

Ғылыми кеңес құрамына 3 жылдық мерзімге сайланады және мүшелердің саны так болады. Қажеттілік туындаған жағдайда жалпы жиналыс шешімі бойынша оның құрамына бөлек өзгеріс-тер енгізіледі.

Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын жоғарыда көрсетілген заңнамаларға және нормативтік құжаттарға сәйкес оқу жылының бекітілген жоспарына негізделіп ұйымдастырады.

Ғылыми кеңестің отырысы айына бір реттен кем емес мерзімде өткізіледі.

Отырыста кеңес мүшелерінің 2/3 бөлігінен көбі отырса, онда ол заңды болады. Ғылыми кеңес отырысында мүшелердің көпшілік даусы берілген шешім қабылданған болып есептелінеді. Оты-рысқа келе алмау себебін Ғылыми кеңестің мүшесі алдын-ала хабарлау қажет.

Ғылыми кеңестің мақсаты:

- кәсіби білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында білім алушылар мен про-фессорлік-оқытушылық құрамның барлық жағдайын жасау.

- университеттің материалдық-техникалық базасын және университеттің ғылыми бөлігін күшейту.
- университеттің ары қарай дамып, өркендеуіне ат салысу. Ғылыми кеңестің құзыретіне:
  - университет құрылымын бекіту;
  - университет Жарғысына өзгерістер мен түзетулер енгізу;
  - университеттің оқу және ғылыми бөлімдерін құру, қайта құру және жою;
  - университеттің дамуының концепциясын анықтау;
  - университеттің оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу, қаржылық, шаруашылық ісін ұйымдастыру мәселесі бойынша шешім қабылдау;
  - ректордың, проректорлардың, факультет декандарының және университеттің құрылымдық бөлімдерінің жетекшілерінің және де оқу түрі мен әдістері бойынша ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, қаржылық, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық істерінің жылдық қорытындысын тыңдау;
    - университеттің қаржылық-шаруашылық істерін бақылауды ұйымдастыру;
    - ~ бюджеттен тыс қаржыларды жұмсалуды тәртібін, сонымен қоса ақылы білім көрсету және өз өнімдерін өткізуден түскен түсімді инвестициялау бағытын анықтау;
    - көпжүйелі жоғарғы кәсіби білім беру бойынша мамандарды даярлау және мерзімдері мен оқу түрінің жаңа бағыттарын анықтау;
    - оқу жоспарының барлық сатысы мен оқу түрін бекіту;
    - оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарды қарастыру мен басылымға жіберу;
Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы мамандарының «суицид үрдісі әлемді жайлап барады» деп дабыл қағып, адамзатқа ой салуға ұмтылған талпынысы эзірге оң нәтиже бермей отыр. Себебі, олардың жариялаған деректеріне сенсек, Қазақстан әлемдегі ең көп суицидтік жағдайлар тіркелген ел ретінде есептеліп, үшінші орынға табан тіреген. Бұдан үш жыл бұрын ғана бесінші орында болғанымызды ескерсек, елімізде өз еркімен өлімге бас тігушілер қатарының жылдан-жылға артуы кім-кімді де ойландырап мәселе екенін көрсетсе керек.

Тағдырдың алға тартқан қиындығына көндіге алмаған жандардың барар әрекеті ретінде айтылғанымен, бұл ақтап алуға болатындай іс емес екені белгілі. Өз-өзінің өмірін қиогатек ерік-жігері томен, өмірмен күресуде шарасыздыққа бой алдырып, бойкүйездікке ұрынған, сәтсіздікке шыдай алмаған жандар жылдам баратыны да айтылып жүр. Алайда, олардың қатарында он екіде бір гүлі ашылмаған жастардың да көптеп бой көрсетуі соңғы уақытта жиілеп кетті. Сонда оларға не жетпейді? Әлпештеп отырған ата-анасын, күліп-ойнап жүрген достарын тастап өмірден баз кешу жап-жас баланың ойытна қайдан келеді және бұл қадамға ол қалай барады? Жұмбақ өлімге қатысты сананы сансыратқан осындай сауалдардың кім-кімді де ойлантары анық.

Бұл мәселеге жасөспірімдер арасындағы қылмыстың да айтарлықтай қатысы бары белгілі. Арты адамның жаны түршігерлік оқиғаға әкеліп тірейтін бұл жайттардың себебін психолог мамандар сан түрге жүгіртеді. Суицид әрекетінің шығу төркінін элеуметтік-тұрмыстық, рухани және психологиялық себептерге байланысты екенін зерттеушілер ашық айтуда. Ендеше, елімізде сағат сайын бір адамның өмірін жалмап отырған аты жаман суицид әрекетіне қалай тосқауыл қоюға болады?

Психологтардың айтуынша, адамның өз-өзіне қол жұмсауының себептері әр түрлі. Ол көбіне жанұя жағдайы, оның ішінде толық емес жанұя, жанұяның ішіндегі психологиялық факторлар-дың, ата-ана мен бала, ата-аналардың өзара түсініспеушіліктері материалдық қанағатсыздық т.б.

Жастар проблемасы туралы сөз қозғай отырып, олар тарапынан жасалатын қылмыстармен қатар, олардың түрлі діни секталарға қосылып, күмәнділеу қадамдарға барып жүрулерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Бір қарағанда ешкімге зияны жоқтай көрінетін осынау діни ағымдардың түпкі ой-ниеттерінде нендей пигылдардың жатқанын ешкім де дөп басып айтып бере алмайды. Өмірлік мақсаттар тұрғысынан алғанда кез келген қоғамның ертеңі болып табыла-тын жастардың қандай да бір діни ағымдарға ілесіп, уақыттарын босқа өткізгендерінен гөрі, өздері үшін де, ел үшін де пайдалы іс қылғандары әлдеқайда тиімдірек болар еді. Бұл мәселенің әсіре-се, егемендігінің іргетасын енді ғана бекітіп жатқан Қазақстан сияқты мемлекет үшін маңызы орасан зор. Егер мәселенің ақиқатына келер болсақ, діни ағымдар мен секталардың өзі қандай да бір ел халқының арасына іріткі салып, оларды уақыт талабына сай алға қарай даму жолынан тай-дыру мақсаттарын көздейді. Кез келген діни ағым мен сектаның артында бүлдіргіш күштер тұр. Және олар нақа осал да емес, белгілі бір қаржылық топтарға арқа сүйеген, өздерінің өрмекшінің торындай шырмауықтарын дүние жүзінің бірқатар елдеріне таратқан күштер. Оларды, керек болған кезде ақшаны да онды-солды шаша отырып, батыл қимылдататын да сол күштер. Өркениетті дамудың жолына жаңадан түскен, заңдары мен қоғамдық институттары жеткілікті дәрежеде жұмыс істей алмай тұрған елдердің адамдары ондай күштердің ықпалына тез түседі. Ағымдар мен секталар өз қатарына тарту үшін әдетте өмірлік көзқарастары әлі қалыптасып үлгермеген, өзінің

дербес ұстанымдары жоқ, ерік-жігерлері мықты емес, білім-түсініктері таяз, айтқанға көнгіш адамдарды іздейді. Ал буыны бекіп үлгермеген жастар дәл сондай адамдар тобына жатады. Осы орайда бұрыннан өзімізге жақсы таныс, өкінішке қарай, соңғы жылдары ұмыт бола бастаған "бос уақытты ұйымдастыру" мәселесінің жастар үшін атқаратын рөлі ерекше.

1. Дюркгейм Э. «Самоубийство: Социологический этюд». - М.: Мысль, 1994 - 400 С. 2. Суицидология: Прошлое и настоящее: Проблемы самоубийства в трудах философов, социологов, психотерапевтов и в художественных текстах. - М.: «Когито-Центр», 2001. - 569 С.

#### **Резюме**

В данной статье рассматривается проблема суицида.

#### **Summary**

In given article it is considered suicide problems.

### **ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЛМЫС ЖАСАУ СЕБЕПТЕРІ**

**Н.Бданов** -Құқық және экономика институты халықаралық құқық мамандығының 3 курс студенті

Құқық бұзушылықтың және қоғамдық тәртіптен ауытқудың басқа да көріністерінің алдын алу, бұл алдына ең басты бір мақсат қоятын ұйымдастырушылық үрдіс болып табылады. Ол мақсат -жастардың заңмен қайшылыққа түсуіне жол бермеу, оның тұлға ретінде дамуының тиісті жолда-рын табу, сонымен қатар қажет кезінде жастарды заң бұзушылықтан сақтандыру үшін оған тиісті шараны қолдану. Осы жасөспірімнің биологиялық та, қоғамдық та түргыдан қалыптасып бітпе-ген адам екендігін, оның барлық ерекшеліктерін: жастық, білімінің деңгейі, тәрбие алу жағдайла-ры, қажеттіліктері, қылмысты жасау мотивациясын еске алу қажет.

Жастар арасындағы қылмыстылығының алдын алу мәселелесі күрделі болмаса да, соңғы жыл-дарда ол анағұрлым ғылыми негізделген, нақты мақсаты бар және элеуметтанушылардың және криминологтардың ғылыми еңбектеріне сүйенген. Бірақ қылмыстардың алдын алудың спецификалық заңдылықтары толықтай зерттелмеген. Олар, лсиналған тәжірибелік материалдың негізінде қосымша зерттелуді қаясет етіп отыр.

Нақты қылмыстың себептері бір жағынан тұлғаның құндылықтар жүйесінің қалыптасуы мен қажеттіліктерінің деңгейінің ерекшеліктері болса, екінші жағынан қылмыстық ниеттің пайда болуына эсер еткен сыртқы жағдайлардың ықпалы. Сондай ақ қылмыстың пайда болуына тікелей ықпал етпейтін бірақ осындай ниеттің пайда болуын жеңілдететін жағдайларда аз емес, олардың ішінде біз отбасындағы күрделі жағдай, тәрбиенің жетіспеушілігі, мүліктің нашар сақталуыт, құқық қорғау органдарының жеткілікті дәрежедегі қызметі және тағы да басқа жағдайларды корсете аламыз. Осы проблеманы зерттеушілердің ойлары бойынша жастар арасында қылмыстықтылық-тың алдын алу бұл элеуметтік-экономикалық, идеологиялық, мәдени-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-басқарушылық шаралардың біртұтас жүйесі болып табылады. Қысқаша осы шараларға тоқталып кетейік.

Әлеуметтік экономикалық жағдайлар - бұл қазіргі замандағы өнідіріс күштерінің, түгелдей халықтың материалдық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырудың жеткілікті деңгейде болмауы, яғни қоғамның белгілі бір топтарының басқа топтармен салыстырғандағы материалдық қанағаттандырылуы бойынша алды тұруы.

Идеологиялық жағдайлар - бұл рухани - тәрбиелеу жағынан агартушылықтың, нақты айтсақ құқықтық, өнегелілік білімінің жетіспеушілігі.

Мәдени-тәрбиелік жағдайлар - адамның ой санасының дамуы барысында, индивидтердің эре-кеттеріне тікелей бағытталушы болатын мәдени эстетикалық тәрбиесі.

Ұйымдастырушы-басқарушылық жағдайлар адам мен азаматтың, жасөспірімнің құқытары мен бостандықтарының өрескел бұзылуы, бюрократизм, олардың қажеттіліктеріне деген немкү-райлы қараушылық.

Корсетілгендер қылмыстылықтың тікелей себепшісі болмаса да белгілі бір факторлармен ұштасып олар да қылмысқа итермелуі әбден мүмкін.

Ал, жастардың қылмыс жасау себептерін корсететін болсақ олар әрине сан алуан, әр қылмыс-тың өзінің жеке себебі бар бірақ қылмыстардың барлығының дерлік пайда болуының бәріне ортақ, ұқсас себептері мен жатдайлары бар. Олардың негізгілерін қарастырып кетейік.

1. Жастардың бос уақытының алмастырудың ұйымдастырылмауы;
2. Жастарды еңбекке тәрбиелеудегі қателіктер мен кемшіліктер;
3. Жастар арасындағы алкогольизм, нашақорлық, токсикомания;
4. Құқық қорғау органдарының жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер; [1]

Осы себептерді анығырақ қарастырайық - жастардың бос уақытының толтырудың ұйымдас-тырылмауы елімізде күрделі мәселе болып табылады. Жастардың басым көпшілігі студенттер болғандықтан білім алу, мәдени, онегелілік тұрғыдан сауаттану жоғарғы оқу орындарында өтеді. Осымен қатар жастардың еңбек сүйгіш, қайсар, онегелі тұлға болып қалыптасуына әртүрлі спорт секциялары, ғылыми үйірмелердің маңызы зор.

Ғалымдардың зерттеулері қараусыз, бос уақытын далада өткізетін жасөспірімдердің көп жағ-дайларда бұрын сотталған, құқық бұзуга жақын адамдармен араласуға үйір болып келетіндігін көрсетеді. Мауленов Г.С. еңбегіне сүйенсек мүліктік қылмыстардың көбі (70%) еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, яғни бос уақыты көп жасөспірімдермен жасалынған. Бұл қылмыстар көп жағдайда алкоголь ішімдіктерін алу үшін жасалынған, Яғни, жасөспірімдердің қылмыстық топта-рының пайда болуының алғы шарты болып, кәмелетке толмағандардың бос уақытының өткізілуі-нің ұйымдастырылмауы болып табылады. Ал топтық қылмыстың кәмелетке толмағандар арасында жыл сайын өсіп бара жатқандығы жөнінде жоғарыда аталып кеткен. [2]

Уақытын бос, мақсатсыз өткізу жас адамға өнегелілік те, физикалық жағынан да кері әсерін тигізеді. Қолдың әр уақытта бос болуы, қызық істердің болмауы жаңа оқиғалар іздеп, бұзақылық жасап оның арты қылмысқа айналып кеткендігін байқамай қалады. Кәмелетке толмағандар қыл-мыскерлермен танысуына әкеліп соғуының да алғы шарттарының бірі ол бос, әр жерде бір жүр-ген жасөспірімнің тез көзге түсуі болып табылады.

Жастар қылмыстылығының бұл себебімен күресудің шаралары болып жастардың бос уақы-тын ұйымдастыру болып табылады. Яғни әртүрлі ғылыми, техникалық, спорттық үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыру. Жастар арасындағы қылмыстық топтарын айқындап оларды бақы-лауға алып жоюға шара қолдану. Жастар арасында құқықтық білім беруді ұйымдастыру.

Жастарды еңбекке тәрбиелеудегі қателіктер мен кемшіліктер ~ жастарды алдымен әрине өзі-нің жанұясы тәрбиелейді. Осылармен қатар еңбек атты категорияға да көңіл аудару аса маңызды. Жасөспірімнің еңбегі нақты отбасысынды басталады, ол мектепте бірте бірте күрделеніп, жұмыс үжымында оның нақты нысаны пайда бола бастайды. Жастарды еңбекке үйретудегі мүлт кетуші-лік - бұл жасөспірімнің қылмыс жасауына ықпал ететін жағдай болып шыға келеді. Оған дәлел қаланың жасөспірімдерімен салыстырған, ауылдық жерлердегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстылықтың аз болуы және оның құрамының өзгеше болуы, бұл жағдай өз кезегінде басқа да факторлармен қоса ауылдық жердердегі балалардың еңбекке араласуының ерте болатындығы-нан орын алады. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің 80% жұмыс орны болған, бірақ басым көпші-лігінде еңбек тәртібін бұзып, жалқаулық көрсетіп, өзінің кәсіби

деңгейін көтеруге ынта білдірме-ген. Жастар арасындағы қылмыстылығының осы себебімен күресуде еңбек ұжымдарының ролі аса маңызды болып табылады.

Профессор У.Жекебаев алкоголизмінің қылмыстармен байланысын қарастырып, төмендегідей көрсеткен: Алкогольдік мае болу жағдайында адамдарды қылмыстық топтарға тарту сирек кез-деспейді. Біздің мәліметіміз бойынша топтың құрамында ұрлық жасаған тұлғалардың 58% қыл-мыс жасағанға дейін алкогольдік ішімдіктерді ішкен. Көп жағдайларды қылмыстың азғырушыла-ры, белгілі бір адамды қылмысқа тарту үшін, ал жекелеген жағдайларды қылмыс жасау үшін батылдығын күшейту үшін оларға спирт ішімдіктерін ішкізген. Көрсетілгенге қоса сот тәжірибе-сін зерттеу материалдары - ересек қылмыскерлердің жасөспірімдерді заң бұзушылыққа тартудың бастапқы сатысында олармен жақындасу үшін алдымен бірге спирт ішімдіктерін ішуден бастай-тындығын көрсетіп отыр. Кәмелетке толмағандардың 64% қылмыстық және басқа да қоғамта қарсы әрекеттерге азғырушылармен бірген алкоголь ішімдіктерін ішкеннен кейін тартылған. [3]

Мастықтың әсері әсіресе жас адамға оның жас ағзасына, ересектердің ағзасына әсер ету деңге-йіне қарағанда тез ықпал етеді. Спирт ішімдіктерін ішуді жалғастыру жасөспірімнің жалпы дег-радацисына әкеліп соғады, мастық жағдайында жасөспірімнің нақты ойлауға деген қабілеттілігі азаяды. Осындай жағдайда тұлғада агрессияға, жан жағын бұзып, қиратуға деген ынта пайда болады. Он төрт-он бес жастағы жасөспірімдердің алкоголь ішімдіктерді сатып алу үшін, әдетте өздерінің мүмкіншілігі болмайды. Алкоголь ішімдіктерін ішуге және нашақорлықпен айналысуға материалдық қаражатты табуға ынта, кәмелетке толмағандарды қылмыс жасауға, қылмыстық топтарға бірігуге әкеліп соғады.

Кәмелетке толмағандардың арасында спирт ішімдіктерімен әуестенудің себептері, көп жағдайда кәмелетке толмағандардың үстінен дұрыс қараудың болмауы, алкогольге қарсы насихат-таудың жүргізілмеуі, кәмелетке толмағандарға алкоголь ішімдіктерінің сатылуы, құқық қорғау органдары тарапынан осы мәселеге жеткілікті дәрежедегі бақылаудың болмағандығын және тағы да басқаларды көрсетуге болады. Яғни, кәмелетке толмағандардың алкогольге әусетілігімен күресудің жолдары осы себептерді жою болып табылады.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе болып жастардың нашақорлығы мен токсикомания дерті болып отыр. Қазіргі күннің өзінде халқымыздың генетикалық болашағы жайлы мәселені көтеру керек, себебі әңгіме ұлтымыздың ең өсіп өнетін бөлігі ретінде болып отыр, себебі тұрақты нашақорлар-дың уштен екісі отыз жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар, тіпті жас балалар. Әрине қазіргі кездегі жүргізіліп жатқан әрекетер мен шаралар жоқ емес бар, бірақ нашақорлардың азаймай көбейуі бұл шаралардың нәтижесін көрсетіп отырған жоқ.

*1 Бегалиев К.А. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. - Алма-Ата, 1980.*

*2 Мауленов Г. С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. - Алматы, 1999.*

*3 Каиржанов Е.И., А. Чукморова Борьба с вовлечением несовершеннолетних в преступную деятельность. - Агчаты, 1998.*

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы преступности в среди несовершеннолетних.

### **Summary**

In given article it is considered some questions of criminality in among minors.



## **АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС**

### **ИННОВАЦИЯ ЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**С.Р. Ермухаметова** - з.г.к., әәл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ниң заң факультетінің доценті

Қоғам өзгеруі мемлекеттің жаңа реформалар жасауына негіз болады. Егемендігіміздің алдыңғы қатарлы бетбұрыстарының бірі, жетістігі-инновациялық экономиканы енгізу және соған байланысты қалыпты жағдай жасау, құқықтық реформалар жасау.

Қазіргі кездегі экономикаға тән қасиет шаруашылықтандырудың ұйымдық-экономикалық механизмінің қайта құрылған, жаңаны өндеу, енгізу және пайдаланумен байланысты инновация-лық экономика.

Мемлекетіміздің экономикалық-инновациялық дамуы мемлекеттің экономикалық жағдайы-ның корсеткіші. Бұл еліміздің өндірістік потенциалының сапалы қайта құрылуы жағдайында ғана мүмкін және оның негізі ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу және тарату немесе жүзеге асыру болып табылады.

Инфрақұрылымды, жоғары технологиялық және ақпараттық жобаларды дамыту арқылы бәсе-кеқабілетті болу жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде ең бастысы мемлекетіміздің бәсекеқабілеттілігін көтеру үшін интеллектуальдық меншікке құқықтарды және сауда маркаларын қорғау қажет және соған қатысты заңдар мен нормативе актілерді қабылдауымыз қажет.

Инновациялық қызметтің құқықтық негіздері инновациялық нормативтік актілер болтандық-тан, құқықтық механизмдердің көмегі арқылы және қалыптасқан механизмдерді жетілдіру арқылы қалыпты экономикалық дамута тиімді жатдайдар жасаута болады. Қажетті экономикалық жағдай-ды қалыптастыру үшін оның өмір сүруінің құқықтық жатдайларын қалыптастыру қажет. Қазіргі кезде инновациялық қызметті құқықтық қамтамасыз етудің алташқы қадамдары жасалған, бірақ әлі де жеткіліксіз.

Егеменді Қазақстан экономикасының маңызды шарты тауар және қызмет пен жұмыстың бәсе-кеқабілеттілігін көтеру. Себебі экономика деңгейі арқылы Қазақстан элемдік аренада өз беделін көтермек. Мемлекеттің бәсекеқабілеттілігі инновациялық дамумен тікелей байланысты.

Инновациялық қызметті жүзеге асыратын отандық кәсіпкерлерте идеялар жетіспейді, себебі инновациялық қорға инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін түсетін өтініштердің аздыты негіз болады. Инновациялық қор бүгінгі күні тәуекелді бөлуге, бастамаларта қатысуға дайын бол-ғанымен жоғарыда аталтан жағдай ойланарлық болып отыр. Жалпы жаңа идеялар табыс көзі болуы зандылық.

Инновациялық қызметті құқықтық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының инновация-лық қызмет туралы заңнамалары қызмет етуде және аталтан құқықтық актілер қалыптасу саты-сында және ол бірнеше бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Біз инновация туралы сөз қозғай отырып инновацията құқықтық анықтама беруіміз қажет. Инновация - өндірістің және қотамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұр-ғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зият-керлік меншік объектісі болып табылатын тылыми және тылыми-техникалық қызметтің жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс түріндегі нәтиже ретінде бекітілген.

Инновациялық қызметтің объектісі ретіндегі инновация - инновациялық қызметтің нәтижесі болып табылатын интеллектуальдық қызметпен тығыз байланысты және оны өндірістің саласына енгізу экономикалық тиімді жаңа өнім, тауар, қызмет.

Қазақстанның жедел экономикалық дамуы үшін «инкубациялық жобаларды» іске асыру, энергетикалық емес жаңа нарықтарды дамыту, экспорт-импорт секторының артықшылықтарын қолдау, қорғалған сауда белгісі мен зияткерлік меншік құқығы бар тауарлар өндірісін оркендету, көлік инфрақұрылымын дамыту қажет.

Инновациялық қызметте экономикамыз бен еліміздің дамуына қолдау көрсететін осы заманғы

әлеуметтік саясат жүргізу арқылы әлеуметтік жаңару қажет. Әлеуметтік жаңару Қазақстан халқының барлық топтарының тұрмыс сапасын жақсартып, әлеуметтік өлшемдерін өсіру. Бұл үшін зейнетақылық жинақтаулардың үш деңгейлік жүйесіне көшуді аяқтау керек. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларында жаңа реформаларды жүзеге асыру кешіктірмей қолға алынуға тиіс. Әсіресе білім беру саласы бізге жақын болғандықтан аталған салада инновацияны енгізу маңызды, себебі үлкен аренаға шығу білім саласынан басталады.

Инновация кең мағынадағы ұғым Қазақстанды таяу жылдары әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елдің қатарына қосатын мақсаттан туындайтын міндеттері демократия мен қоғамды саяси жаңарту мәселелері. Бұл біздің барша азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі дамытуға мол мүмкіндіктер тудырады.

Бұдан туындайтыны Қазақстан экономикасының таты бір негізгі мәселесі отандық өнімнің бәсекеқабілеттілігі.

Инновациялық қызметті құқықтық қамтамасыз етуде мемлекет инновациялық үрдістің жалпы стратегиялық бағдарлауын; бәсекелестікті қолдау көмегімен стимуляция қиялау, қаржылық субсидия және инновациялық үрдіске қатысушыларға жеңілдік; инновациялық үрдістің құқықтық базасын қапыптастыру қажет. Мемлекет тек қажетті заңнаманың қалыптасуына көңіл бөліп қоймайды, сонымен қатар оның сақталуын қамтамасыз ететін механизмдерін қалыптастырады.

Инновация - жаңалық, жаңаны енгізулер. Инновация өзі екі түрлі негізде қолданылады: біріншісі ғылыми техникалық қызметтің нәтижесі ретінде, екіншіден, жаңа бұйым, әдістерді пайдалану және жасау. Инновациялық қызметтің ұғымын - тар және кең мағынасын білу қажет. Жалпы бұл интеллектуалды өнімнің пайдалануы мен құрылымы туралы қызмет. Интеллектуалды қызметтің нәтижесін көптеген тұлғалар, тек иелері ғана емес, сонымен бірге лицензия сатып алған тұлғалардың пайдалануына толық мүмкіншілігі бар.

Ғалым Т.Е. Каудыров интеллектуалды меншік объектілерінің келесі белгілерін қарастырады: идея болуы, құқықтық абсолютті құқығы, құқықтық қатаң бекітілген заңмен қорғау, құқықтың аумақты және уақытша әсер етуі, құқық қорғаудың көп түрлілігі, құқықтың бекітілуінің спецификалық нысаны.

Интеллектуалды меншік - ерекше түрдегі меншік. Интеллектуалды меншік - интеллектуалды нәтижелердің жеке құқық жиынтығы. Интеллектуалды меншіктің ең кемінде 2 түрлі белгісі болуы керек: біріншіден, интеллектуалды қызметтің нәтижесі болуы керек; екіншіден, интеллектуалды меншіктің көрінуінің объективті формасы болуы керек. Инновациялық идея мағынасы да бар, бірақ идея инновациядан бұрын пайда болып, іске асуда. Ойлап табу - бөлек техникалық есептерді жаңадан шешу. Интеллектуалды меншіктің құқықтық қарым-қатынасы жасалу кезеңінде және де инновациялық өнімді қолдану кезеңінде де пайда болады.

Әдебиетте интеллектуалды меншік құқығын жүзеге асыру және оны қорғаумен байланысты құқықтық қатынастар кешенінің барлығы шартты түрде интеллектуалды меншік құқығын жүзеге асыруға байланысты қатынастар (мүліктік, мүліктік емес) және интеллектуалды меншікті қорғау жөніндегі қатынастар болып бөлінеді.

«Инновация» түсінігі «Инновациялық қызмет туралы» заңда - инновациялық қызметтің нәтижесі ретінде анықталған. Заңшығарушы инновацияның келесі белгілері бар:

жаңашылдығы, іске асырушылығы, прогрессивтілігін қарастырады. Сонымен инновация коммерциялық жүзеге асатын, бәсекелестікке қабілетті интеллектуалды, өнер қызметінің прогрессивті нәтижесі.

В.Рассудовский: «инновациялық қызметтің коммерциялық нәтиже алу мақсатында жаңалық-тарды пайдалануға бағытталған, кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі». Инновациялық қызмет дегенде кәсіпкерлік қызметі қарастырып өтеміз.

Кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілеріне: бастамашылық, субъектілердің тәуелсіздігі, мүлік-тік жауаптылық пен тәуекел, таза пайда алуға батытталу.

Жоғарыда атап өткеніміздей айтылғандай инновацияның қызметті болтан катынстар, ғылыми-техникалық прогресс айналысында қарастырылған.

Инновациялық кәсіпкерліктің дамуы - шаруашылық байланыстардың кеңейтілуін көздейді.

Инновациялық қызметтің негізгі түрлеріне мыналар жатады когам басқару сферасындағы жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізу және ғылыми-зерттеу, жобалық, ізденушілік, тәжіри-бе конструкторлық және технологиялық жұмыстардың жасалынуы.

Сонымен қатар инновациялық тауар рыногын ұйымдастыру және тауардың отімділігін арттыру.

Инновациялық қызмет объектілері инновациялық жобалар мен бағдарламалар; интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері; технологиялар, жабдықтар мен процесстер; өндіріс пен кәсіпкерлік инфрақұрылымы; өндірістік, басқарушылық, коммерциялық немесе өзге процес-тің сапасы мен тиімділігін едәуір жақсартатын өзге де жаңа ұйымдық-техникалық, қаржы-эконо-микалық шешімдер болып табылады.

Инновациялық жүйеге жеке кәсіпкерліктің барлық субъектері қосылуы мүмкін. Бірақ инновациялық қызметтің шатын кәсіпкерлікпен жүзеге асыруы, ірі бизнестің субъектілеріне қарағанда үлкен айырмашылықтары бар.

Инновациялық қызметтің іске асыруында шағын және орта кәсіпкерліктің маңызы зор. Инновациялық кәсіпкерлік ерекшеліктері нарыққа деген тез бейімделушілік, басқарудың және ішкі коммуникацияның икемділігі. Екіншіден, тылыми ізденістердің тар специализациясы және техникалық идеялар өңдеуінің шатын айналысы.

Үшіншіден, өзінің жаңалытын енгізудегі және жұмыстың соңғы нәтижесіне жетуге деген қызығушылық.

Инновациялық қызметті жүзеге асыратын бизнес - инкубаторлар - кіші инновациялық фирма-лардың пайда болуын көздейтін құрылым. Қазіргі кезде бизнес - инкубаторлар кәсіпкерліктің аймақтардағы дамуына ғана емес, сонымен бірге аймақтық кәсіпкерліктеде үлкен маңызға ие.

Жалпы технологиялық инкубаторлардың мақсаты шағын және орта инновациялық кәсіпкер-ліктердің пайда болуына қолайлы жағдайлар туғызу. Технологиялық инкубаторлардың негізгі әрекеті, қызмет көрсетуге бағытталған. Бизнес - инкубаторлар шатын және орта бизнестің дамуына үлкен үлес қосу және жатдай жасау мүмкіндігі бар. Бұндай структура біріншіден жаңадан бастап жатқан кәсіпкерге қыиен жасауға негізделген. Инновациялық қызмет субъектілерінің ішінде үлкен қызығушылық венчурлық фирмаларда. Инновациялық қызметпен айналысатын субъектілер өздерінің бастамасымен жаңашылдықты қалыптастыру жөніндегі осы немесе өзге жобаларды жүзеге асырады. Сондай-ақ кәсіпкер ретінде субъект берілген өнімді жүзеге асырудан келетін кірісті алуға мүдделі болып табылады және де осымен байланысты оның әрекетінің бостандығы эрине заң шеңберінде кең болып келеді. Кәсіпкер нарықтың талаптарын басшылыққа ала отырып, сұранысты қанататтандыратын жаңа енгізілімдерді құруға тырысады.

Инновациялық кәсіпкерліктің дамуы, жалпы алғанда, шаруашылық байланыстың кеңеюіне, жаңа қатынастардың пайда болуына, жаңа және түрлі шарттарды жасауға әкеп соғады.

Қорыта келе инновациялық үрдістің барлығы бірнеше сатылардан тұрады, олар: инновацияны қалыптастыру (ғылыми-зерттеу, тәжірибелі- конструкторлық, технологиялық жұмыстарды жүргізу), өндірістік өнімдерді шығару, инновацияларды жүзеге асыру.

Инновациялық қызмет нәтижесі шарттар жасалуына негіз болатындықтан әдебиетте тылыми-техникалық өнімді беру жөніндегі шарт бір тарап (атқарушы) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырысы бойынша ғылыми-техникалық құжаттаманың кешенін беруге және экономикалық тиімділікке жету мақсатында оған көмектесуге, ал тапсырысшы алынған құжаттамаға сәйкес тылыми-техникалық өнімділікті пайдалануды ұйымдастыруға, атқарушымен қарым-қатынаста болуға және оның жұмысына ақы төлеуге міндеттенетін келісім ретінде анықталады. Демек, атқарушының міндетіне озімен құрылған ғылыми-техникалық өнімді тапсырысшы қызметінің шарттарына сай модификациялау кіреді. Ғылыми-техникалық жетістіктерді бер\ жөніндегі шарт-тың пәні мінездеме жатынан әр түрлі қызмет көрсетуді біріктіреді. Оның негізгі элементі жасаушының алушыға оңдеулерді пайдалануға жәрдемдесх жөніндегі ғылыми-техникалық (шығарма-шылық) мінездеме жөніндегі қызмет көрсетулерді жасау болып табылады. Ғылыми-техникалық жетістіктердің беру жөніндегі шарттың пәнін күрайтын қызмет көрсетулердің шығармашылық мінеземесі тек кана олардың белгілі нәтижелерінің анықталмайтындытын тана емес, сонымен қатар осы және өзге де шаралар бойынша шығармашылық тәуекелдің болуымен анықталады.

Қорыта келе инновациялық қызмет кешенді зерттеу, күқықтық актілердің қабылдануын қажет етеді және бүл бүгінгі күн талабына сай.

### **Резюме**

В данной статье рассматривается правовые основы инновационной деятельности РК.

### **Summary**

In given article it is considered legal bases of innovative activity of Republic Kazakhstan.

## **КРИМИНАЛИСТИКА ЖӘНЕ СОТ САРАПТАМАСЫ КРИМИНАЛИСТИКА И СУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА**

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ АРНАЙЫ БІЛІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Әлмағанбетов П. - з.ғ.к.,** *Абай атындағы ҚазҰПУ «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының доценті*

Қылмыстарды ашу және тергеу, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді сотта талқылау барысында арнайы білімдерді пайдалануды талап ететін сұрақтар жиі туындап отырады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында бірінші рет арнайы білім-дердің анықтамасы беріліп отыр. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 41-тармағына сәй-кес *«арнаулы білім»* - адам кәсіби оқудың не практикалық қызметтің барысында алған, қылмыс-тық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім.

Бұл анықтаманың мәнін толық түсіну үшін оның мазмұнын талқылап көрейік. Осы мақсатта анықтаманы шартты түрде үшке бөліп қарастырамыз. Біріншіден анықтаманың *«адалі кәсіби оқу-дың не практикалық қызметтің барысында алған»* деген бөлігін талқылайық. Анықтаманың бұл бөлімін екіге бөліп қарастырған жөн.

Біріншіден *«адамның кәсіби оқу нәтижесінде алған білімі»* дегенді қалай түсінуге болады? Яғни, адамның белгілі бір оқу орнында, мысалы, колледжде, институтта, университетте белгілі бір мамандыққа оқудың нәтижесінде алған білімі. Ол білімдерге мысалы, медицина, химия, физика, биология, инженерлік, техникалық, технологи ял ық, ядролық, математикалық т.б. салалардан алынған білімдер жатуы мүмкін.

Екіншіден *«адамның не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған білімі»* дегенді былайша түсінуге болады. Яғни, адам ешқандай кәсіби оқу орнында оқымаған, ешқандай оқып алған білімі жоқ, тек қана бір мамандық бойынша белгілі бір өндірісте жұмыс істеуінің нәтижесінде гана алған білімі. Егер адам оқымаса, онда қайдан білім алады деген сұрақ туындауы мүмкін? Бұл сұраққа біздің төменде келтіретін мысалдарымыз жауап бермек.

Жас балалар 15-18 жастан бастап техникалық қызмет көрсету станциясында автокөліктерді іе :елгілі бір мамандық бойынша (бояу, моторды, кузовты, электр жабдықтарын жөндеу және т.б.) жұмыс істей бастайды. Алдымен олар шәкірт (үйреуші) ретінде қызмет атқарады. Жылдар өте тәжірибе жинап ұста болып шығады. Яғни өздерінің жұмыс істеу нәтижесінде алған мамандықтары бойынша кез келген сұрақтарға кеңес бере алады.

Осы сияқты тағы басқа да мамандықтар (етікшілік, қол өнерлік, кәсіптік, киім тіту, ерекше табиғи қабілеті бар суретшілер т.б.) бойынша мысалдар келтіруге болады.

Сонымен анықтаманың бұл бөлімін біріншіден, адам кәсіби оқудың нәтижесінде не кәсіби оқып мамандығы бойынша жұмыс істеу барысында алған білімі, екіншіден, адамның тек қана белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған білімі деп түсінеміз.

Анықтаманың екінші бөлігінде - *«қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пай-даланатын білім»* деп берілген. Яғни, адамның кәсіби оқу не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған білімін қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдалануы. Бұл жерде қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін қысқаша, жалпы түрде айта кет-кен жөн. Оларға - қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерлеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот

талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, қылмыс-тық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айып-тау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғау, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда - оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, қылмыстың алдын алу, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесу жатады. Айтылғандардың түсінікті болуы үшін бірнеше мысал келтірейік.

Адам жоғары медицина оқу орнын бітіріп, білім алып, сот-медицина саласында мамандандырылды дейік. Яғни, оның сот-медицина саласында арнайы білімі бар. Ал енді ол осы білімін қыл-мыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін қалай пайдалануы мүмкін? Мысалы, оқиға болған жерде зорлап өлтірілген белгілері бар белгісіз адамның мәйіті табылды. Тергеуші оқиға болған жерді сот - медицина саласы маманының көмегімен қарау жүргізіп, нәтижесін хаттамада бекітеді.

Осы факті бойынша қылмыстық іс қозғалады. Тергеуші осы қылмысты ашу және тергеу мақсатында тергеу әрекеттерін жүргізуі керек. Бірақ тергеуші ол іс әрекеттерді толық және нәтижелі жүргізе алмайды, себебі ең басты - «*өлімнің себебі неде?*» - деген сұрақ шешілмей отыр. Сондықтан осы сұрақ шешілмей, тергеуші қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін толықтымен шеше алмайды. Бұл сұраққа кім жауап бере алуы мүмкін? Әрине медициналық білімі бар, сот - медицина саласында арнайы білімі бар адам жауап бере алады. Сонымен сот - медицина саласындағы арнайы білімді дұрыс пайдалану нәтижесінде қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу, яғни қылмысты тез және толық ашу мүмкіндігі туындайды.

Тағы бір мысал келтірейік. Қылмыстық іс бойынша белгілі суретші салған портрет заттай дәлелдеме ретінде алынды. Істің мән-жайын шешу мақсатында осы суреттің шынайы түпнұсқа екенін анықтау қажет болды. Осы сұрақты шешу үшін қандай арнайы білімі бар адам керек? Бұл жағдайда, әрине біз не оқып суретші болып істейтін, не табиғи қабілеті бойынша сурет сала алатын адамдар көмегіне жүгінеміз. Тергеуші қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу мақсатында сурет салу саласында арнайы білімі немесе тәжірибесі бар адамдарды тартуы керек.

Анықтаманың бұл бөлімін бірнеше мысалмен толықтырайық. Екі көлік соғысып, жол - көлік оқиғасы нәтижесінде бір адам мерт болған. Істің мән-жайын шешу үшін автокөліктердің күй-қалпын анықтау қажет. Бұл мәселені техникалық қызмет корсету станциясының қызметкерлері шешуі мүмкін. Олар не кәсіби оқып жұмыс істейтін, не осы мамандық бойынша тек қана жұмыс істеулерінің нәтижесінде алған жол көліктерінің күй-қалпын анықтай алатын арнайы білімдері бар қызметкерлер болып табылады.

Ұрлық болған жерді қарау барысында қазылған жер үстінде аяқ киімінің көлемді ізі табылып оның гипстік құймасы алынды. Ізді зерттеу кезінде іздің өкше бөлігінде аяқ киімді жөндеу барысында пайда болған ерекшеліктер табылды. Бұл мәселені толық және дұрыс кім түсіндіре алады?

Біріншіден, бұл мәселені шешуге криминалистік техника саласында арнайы білімдері бар маман-криминалистерді немесе сот-трасологиялық сараптамасын жүргізетін сарапшыларды тар-туға болады.

Екіншіден, бұл сұраққа етікші болып істейтін адамның арнайы білімдерін тартқан жөн. Себебі етікші өз мамандығы бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған арнайы білімін пайдалана отырып істің мән-жайын шешуге көмегін тигізе алады.

Ақтөбе облысындағы шахтылардың бірінде өлген адамның сүйегі табылды. Мәйітті қарау кезінде төс жағында қолдан жасалған өте құнды алқа табылды. Тергеуші бұйымды қаладағы зергерлік шеберханасының ұстасына көрсетіп бұл бұйымды қандай ұста жасағанын және алқаның иесі кім екенін анықтады. Бұл жерде біз зергерлік маманның

жұмыс істеуінің нәтижесінде алған арнайы білімін пайдаланып қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерінің бірін шеше алдық.

Сонымен, анықтаманың бұл бөлімін қарастыра келе төмендегідей қорытынды жасауға болады - адам кәсіби оқудың, не кәсіби оқып мамандығы бойынша жұмыс істеу барысында, не тек қана белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған арнайы білімін қылмыстық іс жүргізушілердің қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешуде пайдалануы.

Ал анықтаманың үшінші *цылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім*» - деген шартты бөлігін талқылай отырып, келесі мәселелерге тоқталған жөн. Біріншіден, жалпы жұртқа белгілі, яғни жалпыға мәлім білімдердің түсінігін ашып алған дұрыс.

Жалпы жұртқа белгілі білімдерді адамдардың жалпы білім беретін дайындығының нәтижесінде алған кәдімгі әлеуметтік тәжірибе және де ғылыми білімдерінің осы заманның даму талабына сай ең анық білімдер жиынтығы деп түсінуге болады.

Сонымен, біз жалпыға мәлім білімдерді адамдардың күнделікті өмір тәжірибесінің, жалпы білім беретін саланың шеңберінде алған білімдер деп түсінеміз.

Криминалистика және қылмыстық іс жүргізу ғылымдарында заң саласындағы білімдерді арнайы білімдерге жатқызу талас тудыратын мәселе болып табылатынын атап айтқан жөн. Кейбір авторлар заң білімдерін арнайы білімдерге жатқызуға болады десе, кейбіреулері жатқызуға болмайды деген көзқарасты ұстанады.

Сондықтан алдымен қандай білімдердің заң саласындағы білімдерге жататынын анықтап алған дұрыс болар.

Заң білімдері қылмыстық сот ісін жүргізуге жауапты адамдардың білімі болып табылады. Жалпы атап айтқанда олардың қылмыстық іс-әрекеттерді саралауы және іс жүргізушілік норма-ларды орындауы, қылмыстарды тергеу әдістемесін және тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын жүзеге асыруы.

Біздің ойымызша, заң білімдері атап откен күйінде арнайы білімдерге жатпайды. Олар қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың жалпыға мәлім білімдер қатарына еніп кетіп отыр. Мысалы, заң білімдеріне жалпы жұртқа белгілі қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықтар саласындағы білімдерді жатқызуға болады.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім деп қылмыстық процесті жүргізушілердің қылмыстық процесті жүргізуде пайдаланатын білімдерінің шеңберінен тыс жатқан білімдерді, яғни қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын арнайы білімдерді айтамыз. Мысалы, медицина, химия, физика, биология, психология, философия, математика т.б. салалардан алынған білімдер.

Сонымен, заңдағы берілген арнаулы білімнің анықтамасына жүргізілген талқылаудың негізінде келесі қорытынды жасауға болады: *арнаулы білім - адам кәсіби оқудың не белгілі бір маман-дың бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған, цылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын цылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім.*

Арнаулы білім анықтамасын талқылау барсында тағы да бір мәселеге көңіл аударғанды жөн көрдік. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 41-тармағындағы *«арнаулы білім»* анықтамасының қазақша және орысша мәтіндері арасында мазмұны бойынша келіспеушілік байқалады, ол орыс тіліндегі - «не общеизвестные в уголовном процессе» деген сөйлемнің қазақшаға дұрыс аударылмауы. Бұл сөйлем қазақша мәтінде - «қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес» деп берілген. «В уголовном процессе» деген мәтін қазақшаға - «қылмыстық іс жүргізудегі» деп аударылуы тиіс, ал қазақша мәтіндегі - «қылмыстық сот ісін жүргізудегі» деген орысшада - «в \ головном судопроизводстве» деген мағына береді.

Мұндай жағыдайдың бірден-бір себебі Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы жобасының орыс тілінде дайыпталып, онан соң казак тіліне аударылуы болып табылады, Бұл қате заң мәтінін казакшаға аудару кезінде жіберілгені айқын көрініп тұр.

Ұсынылып отырған мақалада байқалатын бір көрініс ол автордың «арнайы білім» деген терминді қолдануы. Осыған байланысты айта кететін бір тұжырым - біз «арнайы білім» және «арнаулы білім» деген терминдердің мәнін бірдей мағынада түсінеміз және қабылдаймыз.

Сонымен, «арнаулы білім» анықтамасын жан-жақты талқылай отырып, ҚР КДЖК-нің 7-бабы-ның 41-тармағының келесі редакциясын ұсынамыз:

*41) «арнаулы білім» - адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын қылмыстық іс жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім.*

Қарастылып жатқан мәселеге байланысты енді осы арнайы білімдерді пайдаланудың нысандары туралы қысқаша айта кетейік.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы шегінде арнайы білімдерді пайдалануға жол берушілік тергеу және сот қызметтерінің ғылыми негізін құрайды.

Дегенмен, заң әдебиет қайнар көздерінде арнайы білімдерді пайдаланудың нысандары туралы біркелкі көзқарастың жоқ екенін атап өту керек.

Кең тұрғыдан алғанда арнайы білімдерді пайдаланудың нысандарына мыналарды жатқызуға болады:

- 1) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, судьяның өздеріне меншікті арнайы білімдерін тартуы;
- 2) тергеу (сот) әрекеттерін жүргізуде маманның қатысуы;
- 3) сот сараптамаларын жүргізу;
- 4) білгір адамдардың тергеу әрекеттерін және жедел-ізвестіру шараларын жүргізуде қатысуы;
- 5) аудармашыны тарту (керең немесе мылқау адамдардан жауап алу кезінде);
- 6) жасы кәмелетке толмаған куәлерден жауап алу кезінде педагогты тарту;
- 7) ревизиялық немесе аудиторлық әрекеттерді жүргізу;
- 8) білгір адамдардың кеңес беруі немесе анықтамалық қызметі;
- 9) соттық емес сараптамаларды жүргізу.

Жотарыдаты 1-3 тармақтарда көрсетілген арнайы білімдердің нысандары оларды пайдалану-дың процессуалдық түріне, ал қалғандары процессуалдық емес түрлеріне жатады, яғни процес-суалдық дегеніміз олардың қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көрсетілгенін білдіреді.

Енді осы арнайы білімдерді пайдаланудың кейбір нысандарына қысқаша тоқталып өтейік.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі арнайы білімдерді пайдаланудың басты нысаны, әрине сот сараптамасын татайындау болып табылады. Мысалы, аудармашы мен педагогтың арнайы білім-дерін пайдалану мен сот сараптамасын жүргізудегі арнайы білімдерді пайдалануда айырмашы-лық бар. Сондықтан, арнайы білімдерді пайдаланудың процессуалдық емес басқа нысандарын қысқаша қарастырамыз:

*а) білгір адамдардың тергеу әрекеттерін және жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге қатысуына* олардың тергеуші мен жедел-ізвестіру қызметкерлеріне техникалық көмек көрсетуі, объектілерді алдын алазерттеуі жатады. Арнайы білімдерді мұндай нысанда пайдаланудың дәлелдемелік мағынасы болмағанымен олардың дайындалып жатқан немесе болған қылмыстардың белгілерін анықтауда, қылмысты жасау немесе жасыру әдістерін анықтау мақсатында, жасырынып жүрген қылмыскерді іздеу барсында бағыт көрсететін ақпарат ретінде кең қолдануға болады.

*б) білгір адамдардың кеңес беруінің немесе анықтамалық қызметінің* мақсаты қылмыстық іс бойынша туындаған жатдайда дұрыс жөн табуға мүмкіндік беретін кейбір



алдын ала ақпараттарды тергеушіге беру болып табылады. Кеңес беру немесе анықтамалық мәліметтер ауызша не жазбаша түрде берілуі мүмкін. Қылмыстық іс жүргізуші адамдар анықтамалық мәліметтерді ішкі істер және прокуратура органдрынан алуына болады. Бұл органдарда криминалистік және жедел іздестіру тіркеу жүйелері жұмыс істейді.

*в) ревизиялық немесе аудиторлық тексерулер* ұйымдардың қаржы - шаруашылық қызметін тексеру үшін жүргізіледі. Бұл жұмыс тергеу әрекеті болып табылмайды. Бір жағынан бұлардың мақсаты кеңес беру және аудиторлық қызметтердің мақсатына ұқсас келеді. Дегенмен, ревизиялық немесе аудиторлық қызметтерді жүргізудің сот сараптамасынан өздерінің мақсаты, жүргізу әдістемесі бойынша және де процессуалдық жүргізу мен нәтижесінің рәсімделуі бойынша айыр машылығы бар.

Жоғарыда айтылғандай, қылмыстық сот ісін жүргізуде арнайы білімдерді пайдалану нысанда-рының көптігіне қарамастан ең басты көңіл олардың заңда көрсетілген нысандарына аударылған. Оларға:

~ анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, судьяның, яғни қылмыстық іс жүргізуші орган-ның (адамның) өздеріне меншікті арнайы білімдері;  
-тергеу (сот) әрекеттерін жүргізуде маманды қатыстыру; - сот сараптамаларын жүргізу.

*Қылмыстық іс жүргізуші органның (адамның) өздеріне меншікті арнайы бітімдері.* Қылмыс-тық іс жүргізуші адамдар арнайы білімдерді өздерінің іс жүргізушілік екілеттігі мен жеке кәсіби тәжірибесі шегінде пайдаланады. Арнайы білімдерді пайдалану мәселелері дәлелдеу үрдісінде қылмыстарды ашу және тергеудің ең басты субъектісі тергеушіге үлкен қатысы бар,

Тергеушінің арнайы білімдерін қолдану мақсаты болып қылмысты ашу және тергеу барысында дәлелдемелерді тікелей табуы, бекітуі, алдын ала зерттеуі, бағалауы және пайдалануы, олардың қатыстылығы мен жол берушілігі туралы сұрақты шешуі, процессуалдық әрекеттерді сапалы жүргізуі табылады.

Қылмыстық іс жүргізуші адамдардың кәсіби және арнайы білімдері болуы мүмкін.

Кәсіби білімдер болып материалдық және қылмыстық іс жүргізу құқықтарын білу, қылмыс-тарды тергеу әдістемесіне ие болу, сотта және прокуратурада іс жүргізу тәртібін білу табылады.

Арнайы білімдерге криминалистика (техника), сот сараптамасы, сот медицинасы, сот психиатриясы т.б. салалардан алынған білімдерді пайдалану жатады.

Қылмыстық іс жүргізуші адамдар кәсіби және арнайы білімдерді жоғары оқу орнында оқуы барысында, мамандығы бойынша жұмыс істеу нәтижесінде және мамандығын жоғарлату кезінде меңгеріп алады.

Тергеуші немесе қылмыстық іс жүргізуші басқа адамдар арнайы білімдерді қолдануды заң шеңберінде және қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы міндеттеріне батынышты жүзеге асырады.

*Тергеу (сот) әрекеттерін жүргізуде маманды қатыстыру.* Арнайы білімдерді қылмыстық сот ісін жүргізуде пайдаланудың заңда көрсетілген нысандарының бірі - тергеу (сот) әрекеттерін жүргізуде маманның қатысуы.

Маман - тергеу және сот әрекеттеріне қатысатын, іске мүдделі емес, дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсететін, арнайы білімі бар адам (ҚР ҚІЖК-нің 84-бабы).

Сонымен, қылмыстық іс жүргізуші адам маманды шақырып алып тергеу немесе сот әрекетте-рін жүргізуге қатыстырады. Олар дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға көмектеседі.

*Дәлелдемелерді жинауда* - оларды іздеуге, табуға, алуға, бекітуге, буып-түюге; жедел-издесті-ру және криминалистік тіркеулермен жұмыс істеуде көмегін тигізеді.

*Дәлелдемелерді зерттеуде* - алынған ақпараттардың сапасын, мағынасын анықтауда, істің материалдарын ғылыми-техникалық құралдармен зерттеуде, осылардың нәтижесінде болжаулар құрастырып оларды тексереді.

*Дәлелдемелерді бағалауда* - олардың қатыстылығын, жол берушілігін, анықтатынын, жеткілікті-лігін анықтауға көмектеседі.

Маманның рөлі сараптама тағайындауға материалдар дайындауда, сарапшыға қойылатын сұрақтарды реттеуде, сарапшы қарамағына берілетін материалдарды дайындап, қаулы шығарған-да арта түседі.

Маманның тінту, тану үшін көрсету, жауап алу беттестіру, тергеу эксперименті т.б. тергеу әрекеттеріне қатысуы қылмыскердің әрекеттерін сипаттау мен бағалауға, табылған дәлелдеме-лердің белгілерін, қасиеттерін анықтауға, іс бойынша туындаған кейбір таласты мәселелерді шешуде түсініктеме алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, маман оқиға болған жерді қарауда фото-бейне түсіру, жоспар және схемалар жасауға да көмегін тигізеді. Жауап алу, тергеу әрекетін жүргізу барысында маман-педагог, маман-психолог т.о. қатысуы мүмкін.

